

Жалпы ата-аналар жиналысының № 1 хаттамасы

10.09.2024

Хромтау қаласы

Тақырыбы: «2024-2025 о.ж. арналған МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу және сауықтыру жұмысының негізгі міндеттері мен бағыттары»

Қатысқаны:

Ата аналар: 58

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрықпен таныстыру (*басшы м.а. С.С. Баймағамбетова*);
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің келісім шарты» (*басшы м.а. С.С. Баймағамбетова*);
3. «Дара бала» платформасы туралы (*басшы м.а. С.С. Баймағамбетова*);
4. «2024-2025 о.ж. арналған МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу жұмысының негізгі міндеттері мен бағыттары» (*әдіскер И.А. Джанадилова*);
5. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» (*әдіскер Б.Кияшева*);
6. «Балабақшадағы санитарлық талаптар» (*медбике Г.Бижанова*);
7. «Балабақшадағы оңтайлы тамақтандыру» (*емдәмбике Д.Шауменова*);
8. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» (*әдіскер И.А. Джанадилова*).

Басшы м.а. С.С. Баймағамбетованың кіріспе сөзі:

-Армысыздар, құрметті ата-аналар! Сіздермен қайта қауышқанымызға қуаныштымыз. Елбасымыз « Бізге қажеті – жаны да, қаны да қазақ, халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына сіңірген, туған жерін түлетуді, егеменді елінің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеу.» деп айтқандай сіздердің бала тәрбиелеудегі тәжірибелеріңізге сеніміміз мол. Ата-ананың басты қуанышы-бала. Ата-ананың басты қазығы, алтын тіреу діңгегі- бала. Отбасы тұлғаны дамытатын кішігірім орта.Отбасының қоғамдағы мақсаты; баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасында баланың жан -жақты қалыптасуына ата- ана мен отбасы мүшелерінің қарым қатынасында махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т.б келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян. Мына жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде баланың жан- жақты тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін- ұстаз болса, оның сүйеніші ата-ана. Сондықтан ата -ана өз баласының тәрбие алуына барынша жағдай жасау тиіс. Бала тәуліктің бір бөлігінде , яғни 10,5 сағат мектепте болса, қалған сағаттарда өз отбасында тәрбие алады. Ендеше, бүгінгі жиналысымызға сәттілік тілей отырып, біздің бүлдіршіндеріміздің дайындаған кішкене концерттік нөмерлеріне кезек берейік, қабыл алыңыздар!

Психолог А. Измаганбетованың тренингі.

1. Сәлемдесу.

Барысы: Ата – аналар орындарынан тұрып әр ұлт бойынша амандасу қажет.

- Жапондықтар иіліп сәлемдеседі.
- Аустралиялық аборигендер бір-бірімен билеп амандасады.
- Америкада қол алысу арқылы амандасады. Бірақ кейбір жастар арқасынан қағысып сәлемдеседі.
- **Жаңа Гвинеяда** адамдар қастарын көтеру арқылы амандасады.
- Орта Азияда адамдар қолдарын кеудесіне қойып, бас иіп амандасады.

2. «Қимыл – қозғалыс» ойыны.

Қимыл қозғалыс арқылы жауап беру.

- Баласына түнде ертегі оқып беретіндер- орнымыздан тұрайық.
- Таңғы ас ішкендер – орнымыздан тұрып секірейік.
- Таңғы жаттығу жасағандар – бас бармағымызды шығарайық.
- Таңертен балаңызды сүйіп оятқан ата-аналар – екі рет отырып тұрайық.
- Боянып үлгермеген аналарымыз – жымиямыз.
- Жұмысқа кешігіп барғандар – басын қасып өтсін.
- Түскі ас ішпегендер – құлағын сипаласын.
- Жұмыста жақсы көңіл-күймен жүргендер – алақанымызбен ОК көрсетейік.
- Жұмыста жүріп балаларын сағынғандар – бір қолын көтерсін.
- Үйде теледидарды сөндіруге ұмытып кеткендер – бір көзімізді жұмайық.
- Тәтті жақсы көретіндер - аяқтарыңызды тарсылдатыңыздар.
- Балаңызды қуантамын десеңіздер - қолдарыңызды шапалақтаңыз;

«Музыкалық үзіліс» жаттығуы.

Қатысушылар ортаға шақырылады. Көңілді музыкаға ата – аналардың жұмыс қабілеттіліктерін арттыру үшін дене терапиясы жаттығуын өткіземіз. Ойынды бастауға дайынсыздар ма? Бастадық.

Ата - аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді.

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

Тыңдалды:

1. Бірінші сұрақ бойынша басшы м.а. С.С.Баймагамбетова сөз сөйледі:

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік проблемалардың бірі болып табылады. Бұл моральдық және құқықтық бағалау тақырыбына айналды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиеден тез нәтижеге жету қиын, сондықтан оны мектеп жасына дейінгі кезден бастау керек. Біз балаларға заңсыз әрекеттердің не екенін жеткізіп, оларды нәліктен жасауға болмайтынын түсіндіруіміз керек. Ата-ана мен балабақша бірігіп жұмыс жасаған кезде болашағымыз бұлыңғыр болмайды деген сенім бар. Тәрбие жұмысы кезінде балалардың жасына және жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық іс-әрекеттер ұйымдастыру қажет. Мектеп жасына дейінгі балалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру үшін олардың әлеуметтік, адамгершілік қасиеттерін, дербестігі мен жауапкершілігін дамыту

кажет. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың бір түрі — ойын әрекеті болып табылады. Сюжеттік-рөлдік ойындар барысында педагогтарға балаларды заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге арналған мамандықтармен таныстырады. Сюжеттік-рөлдік ойындар мен театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру тәрбиеленушілерде «адалдық», «парасаттылық», «шыншылдық» ұғымдары және әртүрлі адамдармен қарым-қатынас, қазіргі этикет, мінез-құлық мәдениеті ұғымдары бойынша түсініктер қалыптастырылады. Классикалық балалар әдебиетінде тиімді мінез-құлық қалыптастыру үшін балаларға бай материал берілген.

Балалардың бойында этикалық ұғымдарды қалыптастыру үшін педагогтар қазақстандық жазушылар мен ақындардың көркем туындыларын, халық ауыз әдебиеті туындылары: Ы.Алтынсариннің «Мақтақыз бен мысық», «Әке мен ұл», «Қырғауыл пен торғай», «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімелері мен ертегілерін пайдалана алады. Қазақтың мақал-мәтелдері: » Әділ айтқан жеңер», «Біреуге ор қазба, өзің түсесің», «Әділ істің арты игі», «Ырыс алды – ынтымақ», «Жақсылықтың ерте-кеші жоқ», «Отан елдің анасы, Ел ердің анасы», «Халықтың құшағы кең», «Бірлік болмай – тірлік болмас» мұның бәрі жанашырлықты, жауаптылықты, мейірімділікті, сондай-ақ адалдық, әділеттілік, шыншылдық, адамгершілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Мектепке дейінгі педагогика әдістерін және көркем әдебиет мысалдарын қолдану мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің адамгершілік ұғымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Қорыта келгенде, бұл өскелең ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің негізі болып табылады. Сонымен, мектеп жасына дейінгі балалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастырудың тиімділігі, адамгершілік тәрбиенің жалпы жүйесі аясында келесі жағдайларды ескеруіміз керек:

-балаларға мінез-құлық нормалары мен ережелерінің, адамгершілік мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін тәрбиенің әртүрлі құралдары мен әдістерін қолдану;

– балалар арасында адамгершілік сезімдер мен сыйластық қатынастардың көрінісін ынталандыратын атмосфера құру;

— педагогтар мен ата-аналардың тәрбиелік күш-жігерінің сабақтастығын қамтамасыз ету. Балалардың өзіне деген сенімділігін, өзін-өзі құрметтеуін және басқаларды құрметтей білуге тәрбиелеуіміз керек. Әрбір бала өз құқықтарын, міндеттерін білуі керек, сонда олар өздеріне қажетті жағдайда оңай жұмыс істей алатын болып өседі.

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары ҚР Конституциясы, ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әзірленген.

2. Қағидалар түрінде, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдардағы бос орындарға мектеп жасына дейінгі балаларды қабылдау (кезекке қою, жолдамаларды беру, құжаттарды қабылдау, мектепке дейінгі ұйымға қабылдау) тәртібін айқындайды.

3. Қағидада көрсетілген 2-параграф «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

Балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға көрсетілген қызметті берушінің кеңсесіне немесе «электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы Қағидаларға 4-қосымшаның 8-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсету сұранымды қарау мәртебесі туралы ақпарат көрінеді, сондай-ақ балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартында берілген.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші электронды сұранымды толтырады және құжаттардың электронды көшірмелерін тіркейді; электронды сұранымды өндегеннен (тексергеннен, тіркеуден) кейін көрсетілетін қызметті алушыға электронды сұранымның мәртебесі, балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік

қызметті көрсету мерзімі, ЭЦҚ-мен қол қойылған электронды құжат түріндегі балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін – баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдауды немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту жөнінде дәлелді жауап береді. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингісінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді. Көрсетілетін қызметті беруші келесі себептермен баланы қабылдамайды:

1) өтініш беруші келісім шарт жасау үшін талап етілетін құжаттарды ұсынбаған немесе құжаттардың қолданылу мерзімі өтіп кетсе (баланың денсаулық паспорты және келісім шарт жасалған күннен 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей берілген баланың денсаулық жағдайы туралы анықтама ұсынбауы);

2) талап етілген құжаттарға сәйкес балада мектепке дейінгі ұйымға қабылдау үшін медициналық қарсы көрсетілімдері болса;

3) растайтын құжаттарды ұсынуға өзге де себептердің болуына байланысты.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тұрақты немесе уақытша болуға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау оларда бос орындар болған жағдайда жыл бойы жүргізіледі.

Балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарастырылады.

Шағым көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен" портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекен-жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарастырылады.

Балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

2. Екінші сұрақ бойынша басшы м.а. С.С. Баймағамбетова сөз сөйледі:

Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "мектепке дейінгі ұйым" деп аталатын «Ақтөбе облысының, білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің» № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай- балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны атынан меңгерушісі С.С.Баймағамбетова бір жағынан және екінші жағынан

(баланың тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда))

бұдан әрі "ата-ана" деп аталатын ата-анасының (баланың заңды тұлғаларының) біреуінің

(тегі, аты, әкесінің аты, (болған жағдайда))

(бұдан әрі – Тараптар) арасындағы қарым-қатынасты анықтау және реттеу мақсатында төмендегілер туралы осы шарт жасалды:

1. Шарттың мәні

1. Осы шарт мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттейді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2. Мектепке дейінгі ұйым:

1) мектепке дейінгі ұйымның Жарғысын және осы Шартты сақтауға;

2) № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай- балабақшасы МККК

(білім басқармасының (бөлімінің) атауы)

берген № _____

(жолдаманың нөмірі және мерзімі)

жолдаманың негізінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 - бабының 5-1) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (бұдан әрі - Стандарт) айқындалған жас кезеңіне сәйкес баланы топқа қабылдауға;

3) баланың өмірімен мен денсаулығын сақтауды, физикалық, зияткерлік, тұлғалық дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 14235 тіркелген), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруді, сапалы мекепалды даярлықты, теңгерімді тамақтануды, мүлкін сақтауды (киімі, аяқ-киімі) қамтамасыз етуге;

4) баланың әрекетін оның жасына, жеке ерекшеліктеріне және қабілеттеріне сәйкес ұйымдастыруға;

5) ата-ананың келісімімен баланы медициналық көрсетілімдер кезінде балалар емханасына тексерілуге жіберуге;

6) бес күндік, алты күндік (керегін сызу) – сағ 7:30 - 18:00 дейін мектепке дейінгі ұйымға бару кестесін жасауға;

7) карантин, бала сырқаттанған жағдайда, денсаулық сақтау, білім беру және өзге де ұйымдарда емделу, сауықтыру, түзету және оңалту кезінде (көрсетілім бойынша анықтама, қорытынды ұсынғанда), ата-анасының біреуіне немесе басқа да заңды өкілдеріне еңбек демалысын бергенде және жазғы мерзімде баланы сауықтыру үшін екі айға дейін демалысын алған уақытта (ата-ананың жазбаша өтініші негізінде) баланың орнын сақтауға;

8) баланы тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде ата-анаға консультациялық көмек көрсетуге;

9) баланы келесі топқа әр жылдың 1-30 тамыз аралығында көшіруге;

10) "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Санитарлық ережелер) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрінің 2021 жылғы 09 шілдедегі ҚРДСМ № 59 бұйрығына сәйкес санитарлық ережелердің талаптарын сақтауға міндетті;

10) тәрбиеленушінің ата-анасына немесе заңды өкілдеріне құрметпен қарауға міндетті.

3. Мектепке дейінгі ұйым:

1) балаға ата-ананың қалауы бойынша қосымша білім беру және сауықтыру қызметтерін ұсынуға (ақылы және ақысыз);

- 2) баланың тамақтануы үшін ай сайынғы төлемақыны мектепке дейінгі ұйым белгілеген мерзімде уақытылы төленбеген, бала дәлелсіз себептермен және әкімшілікті ескертпей бір айдан астам келмеген, дәрігерлік консультациялық анықтамасының негізінде оның мектепке дейінгі ұйымға келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде баланы мектепке дейінгі ұйымнан шығаруға;
- 3) ата-анаға екі тараптың келісімі бойынша мектепке дейінгі ұйымда баланың тамақтануы үшін төлемді кейінге қалдыруға;
- 4) баланы алкагольді мас күйдегі ата-анасына немесе заңды өкіліне, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмаған жақын туыстарына бермеуге;
- 5) ата-ана осы шартта көзделген міндеттерін жүйелі түрде орындамаған кезде бұл туралы ата-ананы күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей хабардар ете отырып, мерзімінен бұрын шартты бұзуға;
- 6) өндірістік қажеттілік болған жағдайда топтарды қосуға құқылы.

4. Ата - ана:

- 1) мектепке дейінгі ұйым Жарғысы мен осы шартты сақтауға;
 - 2) баланың тамақтануы үшін 600 теңге мөлшерінде ағымдағы айға әр айдың 5-не дейін ақы төлеуге;
 - 3) баланы тәрбиешіге жеке тапсыруға және одан алуға;
 - 4) жақын туыскандарына, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмағандарға баланы мектепке дейінгі ұйымнан алуды тапсырмауға;
 - 5) баланың болмауы туралы алдын ала мектепке дейінгі ұйымды уақытында хабардар етуге;
 - 6) тұмау немесе жұқпалы аурулардың белгілері бар баланы басқа тәрбиеленушілер арасында таратпау үшін мектепке дейінгі ұйымға әкелмеуге;
 - 7) мектепке дейінгі ұйымды себепсіз босатпауға. Бала сырқаттанып қалған жағдайда емдеуші дәрігер берген медициналық анықтама әкелуге, сондай-ақ бала үш күннен астам уақыт болмаған жағдайда Санитарлық ереженің 134-тармағына сәйкес денсаулығы туралы анықтама әкелуге;
 - 8) педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда құрмет көрсетуге;
 - 9) тәрбие мен оқытудың барлық мәселелері бойынша "Мектепке дейінгі ұйыммен" өзара іс-қимыл жасауға міндетті;
 - 10) баланың денсаулығына және басқа балаларға байланысты өміріне қауіп келтіретін проблемаларды жасырмауға;
 - 11) Білім алушылармен (мектепке дейінгі тәрбиеленушілермен) психологиялық диагностика, консультация және тренингтер (топтық, жеке) өткізу ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдерінің жазбаша келісімімен «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығындағы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 ақпанда №13227 болып тіркелген) №2 қосымшаға сәйкес жүргізіледі.
- Менің балам/менің қамқорлығымдағы бала қатысатын психологиялық диагностика, кеңес беру, тренинг (топтық, жеке) қатысуына келісімімді беремін.
- 12) баланы, оның қызығушылықтарын ескере отырып: әдептілікке, төзімділікке және ұлтаралық келісімге; кибер мәдениетіне және кибер гигиенасына тәрбиелеуге;
 - 13) баланың қажеттіліктерін ескере отырып, мобильді құрылғыларды қолдануды шектеу мүмкіндіктерін қарастыруға міндетті.

5. Ата-ана:

- 1) балалармен жүргізілетін жұмысты жақсарту бойынша және мектепке дейінгі ұйымда қосымша қызмет түрлерін ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасауға;
- 2) мектепке дейінгі ұйымда баланың бейімделу кезеңінде белгілі бар уақыт ішінде екі тараптың келісуімен мектепке дейінгі ұйымда болуға;
- 3) екі тараптың келісімі бойынша баланың тамақтануы үшін төлемді белгіленген мерзімінен 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейінге қалдыруға;
- 4) Мектепке дейінгі ұйым Жарғысының және осы шарт талаптарының орындалуын талап етуге;
- 5) алдын ала мектепке дейінгі ұйымды 10 (он) күнтізбелік күннен кеш емес уақытта ескертіп, осы шартты бір жақты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

3. Білім беру қызметін көрсету ақысының мөлшері және төлеу тәртібі

6. Баланың тамақтануы және қосымша ақылы қызметтер үшін _____ теңге сомасындағы ата-ана төлемі ай сайын ағымдағы айдың 5-не дейін төленеді. Бала дәлелді себептермен ағымдағы төлем жүргізілген айда мектепке дейінгі ұйымға келмеген жағдайда (карантин, демалыс (ата-ананың өтініші), ауру, емдеу, сауықтыру, түзету мен оңалту (көрсеткіш бойынша анықтама ұсынған жағдайда), нақты келген күндерінің саны бойынша қайта есептеу келесі айдың басында жүргізіледі және төлем туралы түбіртекке енгізіледі.

4. Тараптардың жауапкершілігі

7. Осы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны үшін немесе тиесілі орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5. Дауларды шешу тәртібі

Осы шартты орындау процесінде туындаған келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлы шешімдерге келу мақсатында тікелей тараптардың өздері шешеді.

Тараптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. Форс-мажор

10. Су тасқыны, өрт, басқа табиғи апаттар, соғыс немесе соғыс қимылдары сияқты форс-мажорлық жағдай кезінде, сондай-ақ саналы шектерде Тараптардың бақылауынан тәуелді болмайтын және шартты жасаудан кейін пайда болған басқа кез-келген жағдай кезінде Тараптардың жауапкершілігі басталмайды.

11. Билік пен басқару органдарының Тараптардың тым болмаса біреуінің осы шарт міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейтін актілерді қабылдауы да Тараптардың бақылауына тәуелді болмайтын жағдайлар ретінде танылады.

12. Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық жағдайлар мен олардың зардаптарының әрекет ету мерзіміне сәйкестендіріле отырып ауыстырылады.

7. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі

13. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы, өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін.

14. Шартқа өзгерістер, толықтырулар енгізу оған қосымша түрінде ресімделеді.

15. Шарттың әрекет ету мерзімі _____ бастап _____ дейін.

16. Осы шарт әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

3. Төртінші сұрақ бойынша басшы м.а. С.С.Баймағамбетова «Дара бала» платформасы, оған тіркелу жөнінде айтып түсіндірді.

4. Төртінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова сөз сөйледі:

-Балабақшада тәрбиеленуші тұлға бұл – балдырған, бүлдіршін. Балдырған – сәби жасынан асқан ойын дамытуға, білуге ұмтылған, мінез-құлқынан әдептілік, имандылық көріністері сүйсіндіретін бала, өсер ұрпақ. Балдырған шақта баланың қызығушылығы, әсерленгіштігі айрықша болады да, тәрбиені, білімді тез қабылдайды. Оқуға, ойнауға, ізденуге құмар болады, әдептілігі қалыптасады. Осыған қарай балдырған тәрбиесі балабақшадан терең әлеуметтік, рухани-моральдық тәрбие мен білім беруді талап етеді.

Балабақшадағы күн тәртібі тәрбиеге ғана емес, сонымен бірге балалардың денсаулығын қорғауға және нығайтуға бағытталған. Негізгі ұйымдастырушылық тұстары: тамақтану; гигиеналық дағдылар; ұйқыны ұйымдастыру; мәдени тәрбиелеу; физикалық дамуды ұйымдастыру; білім беру үдерісі. Балалардың дұрыс дамуы күн тәртібімен қамтамасыз етіледі. Балабақша үшін ұсынымдар мен талаптар санитарлық қағидаларға негізделіп, заңнамалық деңгейде бекітілген. Балабақшадағы топтың күн тәртібі балалардың жасына байланысты жасалады. Әрбір мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық кеңесте куәландырылып, бекітілген күн тәртібі болуы тиіс. Педагогикалық кеңес кестені топтағы балалардың орташа жасына байланысты әзірлеуі керек. Сонымен, балабақшаның кіші тобындағы күн тәртібі гигиеналық рәсімдерге, негізгі мәдени және жеке дағдыларды үйретуге ерекше назар аудару керек. Кесте жасаған кезде балаларды киіндіру және шешіндіру, гигиеналық процедураларды өткізу және тамақтандыру уақыты ескерілуі тиіс.

Балабақшаның орта тобындағы күн тәртібі тәрбиешілерді кішкентай балалармен жүргізілетін жұмыстардан босатады. Орта топтағы балалардың көпшілігі өзіне-өзі қызмет ете алады. Сондықтан мұғалім бұл уақытты қимыл белсенділігіне жұмсай алады. Режимді құру кезінде әр түрлі жастағы балалар оқытылатын топтарға ерекше назар аудару керек. Бұл жағдайда тәрбиешілер алдымен кіші жастағы балалармен ұйымдастырушылық сәттерді біртіндеп ересек мектеп жасына дейінгі балаларды тарта отырып өткізуі керек.

Балабақшадағы күн тәртібінің безендірілуі түсінікті және оқуға жеңіл болуы керек. Ақпараттық стендте жауапты адамдардың қолымен куәландырылып, бекітілген режимдер көрсетіледі. Ата-аналардың немесе балалардың басқа ресми өкілдерінің бұл ақпаратпен танысып шығу мүмкіндігі болуы тиіс. Сондықтан ақпараттық стендтер қолжетімді ашық жерлерде орналасуы қажет. Әрбір топта топ ішіндегі күн тәртібі көрсетілген ақпараттық парақ болуы керек. Күн тәртібімен таныстыру парағында тамақтану сағаттары, сабақ кестесі, серуендеу және ұйықтау уақыты көрсетілуі тиіс. Бұл ата-аналарға топта қандай іс-шаралар болып жатқанын, балалардың эмоционалды, физикалық және психологиялық денсаулығының қалай сақталатынын қадағалауға көмектеседі.

Балабақшадағы күндізгі режимде еркін әрекет ету уақыты дербес ойындар үшін беріледі. Сондай-ақ, балалар таза ауада жүргенде бір-бірімен ойнайды. Егер көшеде ауа райы нашар болса, онда балалар жүрудің орнына топта уақыт өткізеді.

Балабақшадағы күн тәртібінде үлкен мәнді тамақтану уақытында ғана емес, тағамдардың құрамымен де ойнайды. Шамамен жасалған мәзір міндетті түрде: сүт өнімдері, көкөністер, жемістер, ет және балық өнімдері, нан. Ата-аналар балалардың белгілі бір балабақшада тамақтанып жатқандарын алдын ала сұрата алады.

Тыныш сағаттарда барлық балалар тынығып жатыр. Егер бала күндіз ұйықтауды қаламаса да, ол кереуетте жатады. Әдетте, күндізгі ұйқы уақыты 2-ден 3 сағатқа дейін.

Таңертеңгі гимнастика балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі басты құрал болып табылады. Жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылық жоғалады, сергектік сезім пайда болады, қабілеттілігі артады.

Атап айтқанда таңертеңгі жаттығу жасау алдына ерекше міндеттер қойылады: бала организмінен «ояту», оны әрекетшіл қалыпқа келтіру, жан-жақтылыққа, бірақ бұлшық ет жүйесіне жайлап ықпал ететіндей, организмнің жүрек, тыныс және де басқа да функцияларының қызметін белсендіру, тұлғаның дұрыс, жүрістің жақсы қалыптасуына ықпал ету.

Егер балалар күн сайын таңертеңгі жаттығу жасауға дағдыланса және мүдделі болса ол сонысымен құнды болады. Таңертеңгі жаттығу балалар бақшасында күнді ұйымдасқан түрде бастауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар таңертеңгілік жаттығудың сауықтырушылық зор маңызы сақталады. Дене жаттығуларымен күнбе-күн айналысу бала денесінің өсуіне және организмнің функционалдық жағдайына қолайлы әсер етеді. Жаттығудың мазмұны бұлшық еттердің әр түрлі топтарына арналған (мойын, иық, бел, кеуде, аяққа) жаттығуларды қамтиды. Оларды жүйелі қайталау баланың қимыл-қозғалыс аппаратын қатайтады. Тұлғаның бұзылуын емдеуге және жалпақтабандылықты болдырмауға арналған жаттығулар кеңінен қолданылады. Жүгірмен секірулер тыныс алу мен қан айналысын, жүрек қызметін және басқа физикалық функцияларды анағұрлым күшейтеді. Бұлардың бәрі организмнің қалыпты тіршілік қызметіне, оның жұмыс қабілеттілігін арттыруға қолайлы жағдай жасайды.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

- әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды
- дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;
- балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі; салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-
- қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-
- қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;
- тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық,
- әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

В.А.Сухомлинский: *«Музыкалық тәрбие - бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу»* - деп тегін айтпаған. Балабақшаның эстетикалық тәрбие жүйесінде мерекелік ертеңгіліктер ерекше орын алады. Олар бала сезіміне әсер ету құралы ретінде өнер мен көркемдік іс-әрекеттерінің түрлерін біріктіреді. Осы бағытты ұстанған біздің балабақшамызда да осындай көптеген іс-шаралар үнемі ұйымдастырылып отырады. Қыркүйек айында 1-қыркүйек -Білім күніне орай, мектепалды даярлық топтардың арасында «Білім күні» ойын-сауығы, 5-қыркүйек-Тілдер мерекесіне байланысты «Тілім менің – таусылмайтын ырысым» мерекелік ертеңгілігі, қазан айында педагогтердің кәсіби мерекесіне орай, «Ұстаз – ғұмыр, ұстаз – нұр!» мерекелік концертті, мерекелік концертті және барлық топтарда «Арайлы Алтын күз» ертеңгіліктері өткізілді. Желтоқсан айында еліміздің тәуелсіздігіне орай, «Қазақстан – елім менің!» мерекелік концертті және барлық топтарда «Қош келдің, Жаңа жыл» ертеңгіліктері шектеу шараларына байланысты жабық түрде топтарда өткізілді. Осы орайда біздің балабақшада, яғни № 7 «Еркетай» балабақшасында өзара бәсекелестікке қабілетті, білімнің сапалы, тәрбиенің саналы болуына басты назар аударылып келеді. Баланы жан-жақты тәрбиелеу мен дамыту мақсатында балабақшада түрлі тақырыптарда апталықтар мен ойын-сауықтар, спорттық сайыстар, мерекелік ертеңгіліктер үнемі ұйымдастырылып тұрады. Жыл басына бері «Ертегілер әлеміне саяхат», «Мен және менің құқығым» апталығы, қазан айында ұстаздар мерекесіне орай «Ұстаз-ұлағатты есім» апталығы, желтоқсан айында «Елтаңбамен еңселі, Әнұранмен айбатты, Туымен тұғырлы, Қазақстаным!» апталықтары ұйымдастырылады.

5. Бесінші сұрақ бойынша әдіскер Б.С.Кияшева «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарын, «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжселер мектебі» жоспарларымен таныстырды:

30.07.2024 жыл Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының № 194 бұйрығына 1-қосымша «Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы»

1 бөлім. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

2 бөлім. Бағдарламаның әдіснамалық негіздері

3 бөлім. Бағдарламаның мазмұны

4 бөлім. Тәрбие бағдарламасын іске асыру

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын

қорғауға дайын болуға баулу; әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу.

Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру үшін отбасы мен МДҰ ның тығыз ынтымақтастығы қажет.

Ата-аналарды педагогикалық процеске тарту үшін: балаларды дамыту мен тәрбиелеуде отбасының және МДҰ-ның күш жігерін біріктіру, әр тәрбиеленушінің отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату; ата-аналарды, тәрбиеленушілер мен педагогтерді өзара түсіністік, ортақ мүдделер, қарым-қатынасқа оң көңіл-күй және қайырымды өзара қолдау атмосферасын құру; ата-аналармен және балалардың заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастық орнату үшін педагогтерді даярлау қажет.

Бұл бағыттарды іске асыруда балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастырудың маңызы зор.

Бұл шағын қауымдастықтың міндеті - ата-аналар мен балалардың арасында қарым-қатынас мәдениетін дамыту, өзара түсіністік, екіжақты сыйластық, сыпайылық сақтау, мейірімділік таныту, үлгі болу (ата-аналар, педагогтер және басқалар үшін), ұрпақтар сабақтастығын тәрбие жүйесіне енгізудің тиімді жолдарын қарастыру.

МДҰ және отбасы тандемінде ұрпақтар сабақтастығының икемді және қолайлы жағдайларын жасай отырып, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар көзі болып табылатын өмір бойы жалғасатын процесс ретінде тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру қажет. Қоғамда баланы тәрбиелеу және оның дамуы үнемі бірлескен әлеуметтік ортаға интеграцияланған. Бұл – ұлттық мәдени кодқа, іс әрекеттің тәуелсіздігіне, Отан мен ана тіліне деген еркіндік пен мақтаныш сезіміне сүйене отырып, қазіргі заман жағдайында баланың бойында өмірлік 14 дағдыларды қалыптастыру қағидатының негізі.

6. Алтыншы сұрақ бойынша медбике Г. Бижанова балабақшадағы санитарлық талаптарға тоқталды:

- Балабақшаның санитарлық талаптары бойынша медбике тарапынан жылдық жоспар құрып, сол жоспар бойынша жұмыс жасаймыз. Құрметті, ата-аналар! Балабақшаның

талабы бойынша балабақшаға дені сау, таза, жұқпалы аурулармен байланыста болмаған балалар қабылдану керек. Әсіресе, балалардың жеке бас тазалығына көңіл бөліңіздер. Қазіргі таңда ауа-райы қолайлы болған жағдайда, балалар екі мезгіл серуенге шығады. Сондықтан күз айында балаларыңызды жылы киіндіріңіздер. Біздерде балабақша тазалығына байланысты топтарда күнбе күн ылғалды жинау жұмыстары жүргізіледі.

7. Жетінші сұрақ бойынша емдәмбике Д.Шауменова тамақтануға тоқталды:

- Мектепке дейінгі білім берудегі денсаулық сақтау технологиялардың басты міндеттерінің бірі бұл балалардың денсаулығын сақтау мен жақсарту медициналық қызметкерлердің, педагогтердің, тәрбиешілердің басшылық етуімен жүргізіледі. Балалардың тамақтануы балалар ағзасының қалыпты өсуі мен дамуын қамтамасыз ететіндей бұлшық етті сүйек пен миды тәртіптің өзгерісіне ойды және денені дайындайтындай болып ұйымдастырылуы қажет.

Таңертеңгілік ас. сүтті ботқалар-қарақұмық, күріш, жарма, арпа, достық т.б. Қарақұмық ботқасы бала ағзасына өте пайдалы, мұнда витаминдер, микроэлементтер өте бай. Күріш ботқасы – крахмалға өте бай бұл диеталық тағам, бала организмінде оңай қорытылады. Жарма ботқасы – өте жеңіл тағам, құрамында витаминдер аз.

Түскі ас. Жас көкөністерден жасалған салат беріледі. Бірінші тағамға ыстық тамақ борщ, қышқылтым көже, көкөніс сорпасы. Екінші тағамға ет, балық, құс етінен жасалған. Ақуыздар мен майлардың көп білігін балалар түс кезінде алады. Ағзаға ақуыз жетпеген жағдайда бойдың өсуі мен дамуы баяулайды. Имунитеті төмендейді, ақыл-ойы нашарлайды. Ет тағамы өте майлы болмау керек, балық береміз. Үйде треска, минтай, судак берулеріңізге болады. Үй жағдайында тұздалған балық, консерві, шұжық бермеген абзал. Сонымен қатар, минералды тұздары бар сүзбе, сүт, қаймақ, айран, ірімшік. Құрамында көміртегі көп тағамдарға қара нан, ақ нан, қант, печенье, макарон, картоп, бұршақ, жүгері, күріш жатады. Бала ағзасына жеміс-жидектердің пайдасы зор. Сүт өнімдеріне құрамында В2 бар, ол бала ағзасының өсіп – жетілуіне пайдалы, ол өте жеңіл қорытылады. Бесіндік тағамға: кешкі тағам жеңіл болуы керек. Күн тәртібіндегі тағамның каллорийі ертеңгілік 25 %, түскі ас 40 %, бесіндік ас 15 %, кешкі тамақ 20 % болуы керек.

8. Сегізінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джаналилова «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» туралы айтты:

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1) ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
- 2) ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1) ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
- 2) ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- 3) жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- 4) денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- 1) ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «Қарашаңырақ», «Жеті ата», «Тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- 2) отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- 3) әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- 4) жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- 5) тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі ұйымға жолдама алу үшін жүйенің негізгі парақшасымен «Дара бала» арқылы МҚКК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының кезекте тұрған ата-аналарына түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде өткізу арқылы қызметтер жүргізу.
2. МДҰ-ның ішкі тәртіп ережесі мен ата-аналар шартына сәйкес, балабақшадағы режимдік сәттерді және ішкі тәртіп ережесін қатаң сақталынсын;
3. Ата-аналар құқықтары мен міндеттерін ескере отырып, МДҰ-ға қолдау көрсету;
4. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» жоспарларына сәйкес өткізілетін іс-шараларға ата-аналар қатыстырылсын.

Төрайымы:

С.С. Баймағамбетова

Хатшысы:

Н.Мұхтарқызы

«Ойында бала нені үйренеді?» сұрақ-жауап (әдіскер И.А. Джанадилова)

Ата-ана сұрағы. Менің қызым үнемі ойнайды да жатады. Ол өзімен-өзі сөйлесіп, «қағаз» ақшаны қиып алып, қассаны істеп, бір орынна екінші орынға салады да жатады... Осындай әрекеті оның дамуына қаншалықты үлес қосады?

Әдіскер. Иә, екіншіше қарай, кейбір ата-аналар ойынның баланың дамуындағы маңыздылығын онша түсіне бермейді. Бала үшін ойын өзін-өзі дамытушы әдіс болып табылады, ойында бала шын өмірде кім болғысы келетінін көрсетеді, яғни, ойындағысын ойын арқылы жүзеге асыра алады: дәрігер, жүргізуші, ұшқыш болғысы келеді және т.б. Сюжеттік-рольдік ойындар өте кең тараған ойындар болып саналады және бұл ойындарды балалар жақсы көреді, оларды болашаққа дайындайды. Оның олай аталу себебі ойынның басты элементі ойынның мазмұны, сценарийдің (сюжеттің) жоспары, ойын іс-әрекеттері, рольді таңдау және бөлу болып саналатындығында. Бұл балалардың өз беттерінше ойлап табылған, ойынның шарттарын өздері қоятын шығармашылық ойынның түрі. Жалпы ойынның баланың дамытудағы ролі туралы өте көп айтылған. Ойын – бала организмінің қажеттілігі, баланы жан-жақты тәрбиелеу құралы.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар.

1. Сіздің ойыңызша, баланың дамуындағы ойынның маңыздылығы неде?
2. Сіз қалай ойлайсыз, бала ойын барысында бір нәрсеге үйренеді ме?

(Әдіскер өз ойын айтамын деушілерге сөз беріп, жауаптарын қорытындылайды).

Ойында бала нені үйренеді:

- o Үлкендердің күрделі әлеміне енуді, кіруді.
- o Басқа адамдардың өмірде кездесетін жағдайларын басынан өткізіп, олардың істері мен әрекеттерін түсінуді.
- o Өзінің өзгелердің арасындағы орнын нақты сезінуге.
- o Өзін сыйлауды және өзіне сенуге үйренеді. Ойын тапсырмаларын орындай отырып, балалар үлкендерге сұрақ қоймай және рұқсат сұрамай, өз беттерінше сенімді түрде әрекет етеді. Ойын – баланың жетістіктері мен биіктерінің арена. Үлкендердің міндеті – баланың өзіне деген сенімділігін арттыру.
- o Қандай да бір қиындық туындаған кезде өз күшіне ғана сенуді: ойын балаға тапсырмаларды қойып, оларды шешуге мүмкіндік береді. Ойынды көп ойнайтын бала ойынды аз ойнайтын балаға қарағанда өмірде кездесетін жағдайларды тез шеше алады.
- o Өз сезімдерін еркін көрсете алады. Үлкендердің үнемі бақылауында жүретін бала өзін әлсіздеу ұстайды. Ондай бала өзінің ұялшақтығын сезінуге және оның неден болатындығын білуге батылсыздау болады. Қарым-қатынас жасауда қиындықтармен кездеседі. Сол себептен бұл жерде үлкендердің көмегі қажет.
- o Әртүрлі сезімдерді басынан өткізеді. Еркін ойындарда баланың қорқыныш, агрессия және уайымшылдық сезімдері бәсеңдеп, басқа балалармен қарым-қатынас жасауына оң септігін тигізеді.

3. Талдауға арналған жағдаяттар (Психолог Г.Уразалина)

Талдауға арналған жағдай

Бес жастағы, жаңадан келген, балабақшаға бірінші рет келіп тұрған ер бала балабақша алаңында ойнап жүрген балаларға қызығушылықпен қарап тұр: біреулер құмды әкеліп жатса, екіншілері оны машинаға тиеп жатыр, үшіншілері құмнан үй жасап жатыр.

- Сен де ана балдармен ойнағың келіп тұрған шығар? – деп тәрбиеші баладан сұрады.
- Бала тәрбиешіге таңдана қарады да бейжай жауап берді:
- Жо-о-оқ!... Мен олардың бәрін қазір атып тастаймын!
- Ол үйінен алып келген ойыншық автоматын қалтасынан алып шығып, ойнап жатқан балаларға қарай кезенді.
- Сен оларды не үшін атамын деп тұрсың?-деп тәрбиеші баладан сұрады.
- Жай, әншейін... Мен бұзақымын! Мен қазір оларға шабуыл жасаймын! Баланың даусында зіл байқалып тұр.
- Иә,оған тек атыс болса болды,-дейді кешкісін келген баланың шешесі тәрбиешіге.
- Бұндай ойындарды ойнау үшін ойыншықтар жеткілікті сияқты балада?-деп тәрбиеші анасының сөмкесінде жатқан қылыш, автомат, мылтық, қалқандарды көрсетіп нұсқап.
- Иә,әрине, бала сұрағасын алып беруге тура келеді, тентек болып өсіп бара жатыр,- деп анасы келіскендей сыңай танытып.
- Ал сіз балаңызды әлдеқайда тыныш ойындармен ойнатып көрмедіңіз бе? Басқа ойыншықтар алып беріп дегендей,мысалы...
- Не үшін? Нені ойнағысы келсе ,соны ойнасын. Оның қандай маңызы бар?-деп анасы танданысын жасыра алмады.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар.

1. Сіздердің ойларыңызша, баланың ойнау кезінде таңдап алатын рольдерінің оның қалыптасуына қаншалықты маңызы бар?
2. Ойынның тәрбиелік маңызы неде деп ойлайсыз?

Әдіскер

Бала ойында жаңа нәрселерді үйренеді және білетін нәрселерін қолданады, сөздік қоры молаяды, шыдамдылықты,қызығушылықты дамытады, батылдық, табандылық, басқаларға жол беру сияқты қасиеттерге үйренеді. Бала ойында өзінің көргенін, басынан өткенін көрсетеді. Ойын арқылы адамдарға, өмірге деген қарым-қатынас қалыптасады, ойын баланың көңіл күйінің жақсаруына да әсерін тигізеді.

Ата-аналардың пікірі.

Ойындарға көп уақыт кетеді. Бұдан баланың теледидар, компьютер алдында отырғаны, таспаға жазылған ертегілерді тыңдап отырғаны артық. Оның үстіне, ойында бала бір нәрсені сындырып, бүлдіріп қоюы мүмкін,содан кейін оның артынан жинау керек болады. Ал білімді ол балабақшаға барған соң да алады.

3. Сұрақ-жауап

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар.

Бала ойыны туралы кімнің қандай ойы бар?
(Сөйлеймін деушілерге өз ойларын айту ұсынылады)

Әдіскер

Ойынның маңыздылығы кейде бағаланбайтыны анық. Кеңес заманының алғашқы жылдарында балаға ойын қажет емес, ол босқа уақыт алатын нәрсе деп есептелетін. Егер бала құмнан бөлшек жасауды білсе, өскен соң өндіріске барып жұмыс істесін деп ойлайтын.

Ойын арқылы баланың қиялы дамиды. Баланың не ойнайтынын, қандай құралдарды қолданатынын естеріңізге түсіріңіздер? Мысалы, түймедақ гүлінен қуыршаққа «жұмыртқа» «пісіріп беруге» болады, таяқшамен екпе егуге, подносты рульдің орнына қолдануға болады. Өздеріңіз де байқаған боларсыздар, ойында бала шындықты ұмытып, қуыршақтың тірі екендігіне, аюдың құлағынан тартқаннан кейін оның құлағының шынымен ауыратынына, ал баланың өзі шын капитан немесе ұшқыш екеніне сенеді.

Баланың ойыннан шығуына, ойынды тоқтатуға, басқа бір іске көңіл бұруына қиын екенін ұмытпаңыздар. Бұл ерекшелікті баланы тәрбиелеуде қолдануға болады. Мысалы, аурухана ойнап отырған балаңызға: «Дәрігер, сіздің емделушілеріңізге демалу керек, олар ұйықтасын» немесе машиналарды гаражға қою керек екенін «жүргізушіңіздің» есіне салыңыз.

Шындығына келгенде, балалар «сондай сияқты», «шындықта» сөздерін қолданып, ойын мен шындықтың айырмашылығын біледі. Іс жүзінде қол жетпеген іс-әрекеттерді олар ойын арқылы жүзеге асырады. Ойнай отырып бала шынайы өмірмен танысқандай өзінің көргенін ой елегінен өткізіп, ойында бейнелейді. Бірақ телебағдарламаларды шамадан тыс көп қараудың кесірінен кейбір балалар аз ойнайды немесе мүлдем ойнамайды.

Балаға уақыт және ойын алаңы қажет. Егер ол балабақшаға баратын бала болса онда ол ең болмағанда кешкісін ойнайтыны анық. Ойын алаңы-бұл сүйікті ойыншықтары бар үстел, орындық, дұрыс таңдалған ойын материалдары бар бұрыш.

Талдауға арналған жағдай.

Бірде Слава отбасын ойнап жатқан балаларға мынадай ұсыныс айтты:

- Сендермен ойнасам болады ма? Мен әке боламын, үйге кеш келіп, вино ішемін. Сонан соң үйде айқай шығарамын. Ира келіскен жоқ;
- Айқай шығарудың қажеті жоқ, менің әкем ешқашан ұрыспайды.
- Және вино ішкен дұрыс емес, -деп қосты Женя.
- Неге бұл жаман? Менің әкем үнемі солай істейді... деді сеніммен Слава.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар.

1. Осы жағдайдан сізде қандай сезімдер пайда болды?
2. Сіздің ойыңызша, бұл жағдай неден болды?

Ата-аналардың сұрақтары.

Не себептен менің қызым жалғыз өзі ойнағысы келмейді? Қасында өзінен үлкендеу балалар болса ол соларға ереді. Ал жалғыз өзі қалса болды, ойын тоқтап қалады.

Кішкентай болған кезінде жүре бастаса болды – оңайлау болады, тынышталады деп ойладық. Балада барлық жағдай болды: арнайы бұрышы, көптеген қызықты ойыншықтар. Мүмкін, ол баланың ерекшелігіне байланысты болатын шығар?

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар.

1. Не себептен бала өзі ойнағысы келмейді?
2. Баланы қалай ойнауға үйретуге болады?

Әдіскер

4-5 жастағы балаға үлкендермен ойнаған ұнайды. Осы жастағы балалар саяхат ойындарын ойнап, өздеріне ұнаған ертегілер, мультфильмдердің сюжеттерін ойында көрсетеді. Бірнеше сюжеттерді біріктірген ойындар әртүрлі тақырыптарда болуы мүмкін. Мысалы, «ана мен қызы» ойынында қуыршақтар балабақшаға барады, ауырып қалады, дүкенге барады, демалуға кетеді және т.б. Ойынды бұзбай, ойынның шығармашылық сипатын сақтап, әр уақытта бағыттап отыру керек.

4-5 жастағы балалармен жетекші сұрақтар, кеңестер, қосымша кейіпкерлер, рольдерді енгізу сияқты қосымша әдістерді қолданған дұрыс. Рольдерге бөліп ойнату балаға үлкен әсер етеді. Мысалы, сатушы ойынын ойнаған кезде басқа азық-түліктер неге жоқ, сатып алған тауарды қалай жинауға, орналастыруға болады, адамдарға тауарды қалай жеткізуге болады деген сияқты сұрақтар қоюға болады.

Сонымен, ойын балаға көп жақсы әсер етеді, бірақ бала үлкендермен ойнағанды жақсы көреді. Баланы осы қызығынан айырмаңыз, өзіңіздің де бір кездері бала болғаныңызды ұмытпаңыз.

Шешімі:

1. Ата- ана мен балабақша арасында қарым -қатынасты дамытудың тиімді жолдарын іздестіру және оқу- тәрбие жұмысын енгізу
2. Балалардың танымдық қабілеттерін дамытатын ойындарды қолдану
3. Баланың ойындар алаңын жабдықтау жұмыстарын жетілдіру

Төрайымы:

Хатшы:

Жалпы ата-аналар жиналысының № 2 хаттамасы

11.02.2025

Хромтау қаласы

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды дамуының негізгі бағыттары»

Қатысқаны:

Ата аналар: 28

Күн тәртібінде:

1. «Орталық жүйке жүйесі. Вильямс және Шеленбергер пирамидасы» (дефектолог *Б.С.Кияшева*);
2. «Логопед кеңесі: бала тілі неге кеш шығады?» (логопед *А.Н.Нуридин*);
3. «Гипербелсенді балалар: оларды түсіну және қолдау» (психолог *А.С.Измаганбетова*);
4. «2024-2025 о.ж. арналған МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу жұмысының жартыжылдық есебі» (әдіскер *И.А. Джанадилова*);
5. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы туралы айту (меңгеруші *С.С.Баймагамбетова*)

Басшы м.а. С.С. Баймагамбетованың кіріспе сөзі:

-Саламатсыздар ма, құрметті ата-аналар! Сіздермен қайта қауышқанымызға қуаныштымыз. Ата-ананың басты қуанышы-бала. Ата-ананың басты-қазығы, алтын тіреу дінгегі- бала. Отбасы тұлғаны дамытатын кішігірім орта. Отбасының қоғамдағы мақсаты; баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасында баланың жан -жақты қалыптасуына ата- ана мен отбасы мүшелерінің қарым қатынасында махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т.б келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян. Бүгінгі бала – ертеңгі азамат екенін ескерсек, қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған инклюзивті білім берудің мақсаты - даму мүмкіндігі шектеулі балаларға өзге балалармен бірге тең дәрежеде білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады.

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

Тыңдалды:

1.Бірінші сұрақ бойынша дефектолог Б.С.Кияшева «Орталық жүйке жүйесі. Вильямс және Шеленбергер пирамидасы» туралы айтты:

Баланың зейінін шоғырландыруын, ойлауын,сөйлеуін дамыту үшін пирамиданың маңызы зор. Пирамиданың ең жоғарғы бөлігіне мән береміз.

Көкпен белгіленіп тұрған пирамиданың ең басы ,яғни шыңы.

Біз баламен жұмыс жасағанда бұл пирамиданың шыңына бірден жете алмаймыз.

Алдымен біз базаны үйренуіміз керек.

Ол пирамиданың ең төменгі бөлігінде тұр.

Төменгі бөлігінде белгіленген бөліктің барлығымен баламен жұмыс жасауымыз керек.

Тактильді сезім, вистибулярлы тепе-теңдік жүйесі, проприоцепция буындар мен бұлшық етті сезіну.

Үйдің ең бірінші фундаменті құйылады сол сияқты ең бірінші тактильді сезімді дамытамыз.

Тактильді сезім дегеніміз ол тері арқылы сезімді :суықты, ыстықты, үшкір кедір-бұдыр затты, жұмсақ-қаттыны бала сезу керек.

Тактильді сезім мүшелері төмен болатын болса бала өзінің денесін сезінбейді (ыстық, суық суларға қолын малып алуы,

жалаң аяқ далаға шығып кетуі, носкиін шешіп тастауы) мүмкін.

Бұның барлығы баланың тактильді сезімінің төмен болғанынан.

Кейбір осындай балаларда өзін тырнап алу, басын жарға соғу жағдайлары болады.

Сезімталдығы дұрыс дамымағандықтан ол бала ауырсыну сезімдерін сезінбейді. Ал ауырсыну сезімдері біздің табиғатымызда өте қажет сезімнің бірі.

Бала өзін жарақаттау арқылы осы ауырсыну сезімдерін сезінгісі келеді.

Ал енді керісінше баланың тактильді сезімінің жоғары болуы (гиперчувствительный) ол бала денесін ұстағанды, массаж жасағанды ұнатпайды.

Жақындаса кірпіше жиырылады жылайды. Бұндай балаға бірден массаж жасауға, ұстауға болмайды.

Баланы дамытуға арналған жаттығулар (екі топтағы балаға да болады) Педагогтермен «Сиқырлы қапшық» ойыны

Ішінде перчатка (ваннада душта қолданатын)

балаға кигізіп денесін қолын бетін сипату.

Губка, ыдыс тазалағыш (жұмсақ – қатты)

Су джок дотар (формасын ажырату)

Дәндер (крупалар), топырақ балшық, су т.б

«Тактильді жолдар», «Сезім мүшелері» т.б көптеген ойындар ұсынылды.

2. Екінші сұрақ бойынша логопед А.Н.Нуридин «Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалармен жүргізілетін заманауи әдістер» туралы айтты:

Тақырыбы: Балалардың сөйлеу тілін заманауи технологиялық әдістер арқылы дамыту.

Мақсаты: Педагогтерге іс-тәжірбиемен алмасу. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға диагностика жасау, әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшелігімен таныстыру.

Керекті құрал-жабдықтар: Айна, көрнекі-бейнелі заттар

Логопед: Саламатсыздарма, әріптестер!

Бүгінгі мастер-класымызға қош келдіңіздер. Сіздерге мен бүгін сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін әдістермен таныстырамын.

Ең алдымен слайдқа назар аударсақ (экраннан слайд көрсетіледі)

Логопед:

1. Ең алдымен біз **тыныс алу жаттығуынан** бастаймыз.

Мұрын арқылы ауа алу.

Иықтарды көтеруге болмайды.

Дем шығару ұзақ және бірқалыпты болуы керек.

Щектердің ісінбеуін қадағалау керек (алдымен оларды қолмен ұстауға болады).

"Айна" жаттығуы:

Балалардың айнаны тұмандандыру үшін оған қатты тыныс алуы қызықты. Содан кейін бетіне кез келген суретті салуға болады.

"Бөтелкедегі дауыл" жаттығуы:

Мақсаты: ауыз қуысының күшті дем шығаруын дамыту; түтік арқылы үрлеуді үйрену; ерін бұлшықеттерін белсендіру.

2. Артикуляциялық жаттығулар.

Педагог жұмысты төмендегідей ұйымдастырады:

- ойын тәсілдерін қолдана отырып, алдағы орындалатын жаттығу туралы әңгімелейді;
- оның орындалу ретін көрсетеді;
- жаттығуды барлық балалар орындайды;
- педагог жаттығудың дұрыс орындалуын тексереді (жаттығуды отырып орындайды)

Тәтті тосап. Біз анамыз дайындаған тәтті тосапты жақсы көреміз. Тосап тіл үйіреді. Тосап ерінімізге жұғып қалыпты.

Тілді ерінге қойып, ерінге жұққан тосапты жалап алғандай айналдыра қимылдатады. Бұл жаттығу 2-3 рет орындалады. Тосаптың орнына балды алуға болады.

2) Көңілді тіл.

а) Біздің ауызымызда Көңілді Тіл өмір сүреді. Оның үйшігі - ауыз. Көңілді, тентек Тіл бір орында отыра алмайды. Сондықтан ол үйшігінен шығып жан-жағына қарайды. Оң жағына қарайды, сол жағына қарайды.

ә) Көңілді Тіл күнде ертемен далаға шығып, жан-жағына амандасады.

Тілді сыртқа шығарып, ырғақпен оңға –солға, солға-оңға бұрады. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.

3) Қазы-қарта тураймыз. Ауызымызды ашып, бір-бірімізге не айнаға қарайық. Ауызды ашсақ әдемі тістер көрінеді. Тісіміз өткір, пышақ секілді. Осы тістердің көмегімен біз ауызға түскен тамақты тістеп, кесіп, бөлшектеп жейміз. Ал тіліміз қазы-қарта секілді ет екен. Ендеше қазы-қарта турайық.

Тілді біртіндеп баяу шығарып, тіспен тістейміз. Туралған қазы-қартаны ауызға саламыз.

Осылайша тіл кері ауызға қайтарылады. 3-4 рет қайталайды.

4) Саңырауқұлақ:Саңырауқұлақты елестетейік те, тілімізді таңдайымызға тигізіп, тақылдатпай тіреп тұрайық. Жаттығу 3-4 рет орындалады.

5) Мысық сүт ішеді. Мысықтың сүтті тілімен жалап ішетінін көрсетіндер. Бастапқы қалып. Мұртыңа қара. Мұрттарыңа тілмен «ине салыңдар». Бастапқы қалып. 3-4 рет қайталанады.

Ерін бұлшықетіне арналған жаттығулар.(Өр жаттығу 4-6 рет орындалады)

Әдемі күлімде. Әдемі баланың күлкісі де әдемі. Қатты дауыс шығарып күлмеген жөн.

Сондықтан әдемі, жымысып қана күлейік.

Ерінімізбен жымысып езу тартамыз, сосын бастапқы қалыпқа келеміз.

Балапанның тұмсығы:Ерінімізді жұмылдырып, алға сүйірлеп шығарамыз, бастапқы қалып.

Бірден тез күліндер. Еріндеріңді сүйірлеп алыңдар да, соңынан тістеріңді көрсете отырып, бірден тез күліндер.Қақпа Ерінімізді кеңінен ашып, жұмылған тісті (тісті тіске

тигізу)көрсетеміз. Содан соң бастапқы қалыпқа келеміз.

3.Саусақ ойындары: Саусақ гимнастикасы:Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.

1. Барабанда ойнаймыз. Балалар саусақтарын бүгіп, яғни жұдырықтарын түйіп, кеуде тұсынан сәл төмен ұстайды. Содан соң сұқ саусағын жазып, тік ұстап көрсетеді де, «барабанда ойнаймыз» деген тәрбиешінің белгісі бойынша сұқ саусағын жоғары төмен қозғалтады

2. «Біздер – ұстамыз». Балалар екі қолын түйіп, сол қолымен «шеге», ал оң қолымен «балға» ұстап, балғамен шегені ұрады.

4.Арт –терапия. *Бұл әртүрлі көркемдік әдістер арқылы әлеуметтік және психологиялық көмек.*

Арт-терапия әдетте баланың өз эмоцияларын сезімдерін, қиындықтарды, күрделі жағдайларды бейнелейтін. Арт-терапевтикалық сабақтар шығармашылық және кеңістік ойлауды, сөйлесуді, терінің аз моторикасын дамытады, партнерді түсінуді дамытады.

5.Триг технологиясы: Бұл біріккен ойын жүйесі. «Миға шабуыл»жасау әдісі деп те аталады.Сұрақ қою арқылы тапсырмаларды орындайды

6..Логоритмика Бұл балалармен жұмыс істеудің ойын әдісі, ол музыканы, қимылдарды және өлеңдердің немесе әндердің сөздерін біріктіреді

Қорытынды:Міне,осындай әдістер қатарын пайдалана отырып баланың сөйлеу тілін дамытуға болады.

3. Үшінші сұрақ бойынша психолог А.С.Измаганбетова «Ерекше балалармен жұмыс: ойын арқылы оқыту» туралы айтты:

Мақсаты:

- Ерекше білімді қажет ететін балалармен ойын әдістерін қолдану арқылы олардың әлеуметтік, эмоционалды және когнитивтік дағдыларын дамыту.
- Тәрбиешілерге ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, оқыту үдерісін жеңілдету жолдарын көрсету.

Міндеттері:

1. Ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған ойын түрлерін таныстыру.
2. Ойын арқылы балалардың назарын шоғырландыру, коммуникативтік дағдыларын дамыту.
3. Балалардың эмоциялық жағдайын бақылау және түзету.
4. Ойын барысында балалардың қызығушылығын арттыру, шығармашылығын дамыту.

Ойын – балалардың танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына зор ықпал ететін маңызды құрал. Ерекше білімді қажет ететін балалар үшін ойын – тек көңіл көтеру емес, сондай-ақ олардың когнитивті және әлеуметтік дағдыларын дамытудың бірден-бір тиімді тәсілі. Ойын арқылы балалар өз эмоцияларын басқара білуге, басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуға, шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік алады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, ойын баланың өзін-өзі тануына, қауіпсіз ортада өзін еркін сезінуіне жағдай жасайды, сонымен қатар баланың мотивациясын арттырады. Ойындардың түрлері баланың даму деңгейіне және оның жеке ерекшеліктеріне қарай таңдалады. Олардың ішінде:

- Рөлдік ойындар:
- Құрылымдық ойындар:
- Сенсорлық ойындар:
- Қимыл-қозғалыс ойындары:

Практикалық жұмыс барысында тәрбиешілерге құралдар берілді, және олар өздері ерекше балаларға арналған ойындарды ойлап шығарды.

Тәрбиешілерге түрлі құралдар мен материалдар ұсынылып, олардың міндеті – балалардың ерекшеліктеріне сай ойындар мен жаттығуларды өздері әзірлеу болды. Бұл процесс тәрбиешілердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ оларды балалармен жұмыс істегенде жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға үйретуге мүмкіндік берді.

Практикалық жұмыс барысында тәрбиешілер балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, түрлі ойын түрлерін ойлап шығарды.

Қорытынды:

Жоба барысында ерекше балалармен жұмыс істеудің тиімді құралы ретінде ойын арқылы оқытудың психологиялық маңыздылығы мен түрлері көрсетілді. Тәрбиешілер өздері жасаған ойындар арқылы балалардың дамуындағы әр түрлі аспектілерді жақсартуға мүмкіндік алды. Бұл жұмыс, ең алдымен, тәрбиешілердің балаларға деген кәсіби көзқарасын өзгертуге, шығармашылық әлеуетін арттыруға, сондай-ақ ерекше балаларға деген түсінік пен құрметті қалыптастыруға ықпал етті.

4. Төртінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова «2024-2025 о.ж. арналған МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу жұмысының жартыжылдық есебі» тақырыбында баяндама оқыды:

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының ұжымы өз жұмысын № 1 педагогикалық кеңесте бекітілген 2024-2025 о.ж. арналған жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылып келеді. Балабақшаның педагогикалық ұжымы «Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту»

бағыты бойынша жұмыс істейді. Мақсаты - Мектеп жасына дейінгі баланың бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған қолайлы жағдай туғызу, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

«Бірінші байлық - денсаулық» деп дана халқымыз айтқандай, ең алдымен, балабақшамыздың бүлдіршіндерінің өмір мен денсаулығын сақтау және олардың қауіпсіздік мәселесіне ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл орайда, басты мақсатымыз - денсаулық сақтау күзіреттілігін меңгерген, өз денсаулығын жете түсініп қарайтын және салауатты өмір салтын сақтайтын тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Балабақшадағы оқыту-тәрбиелеу жұмысы СанПиН талаптарына сәйкес құрылады, сонымен қатар, педагогтер мен медицина қызметкерлерінің бірлескен жұмыстарының арқасында балабақшада дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының жүйесі құрылып, ол бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылып келеді. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша балабақша педагогтері ҰІӨ-нде, серуендеу және күнделікті өмірде балалардың қозғалыс белсенділіктерін арттыруға бағытталған сергіту сәттерін, түскі ұйқыдан кейін орындалатын ұйқыашар жаттығуларын, нүктелі массаж және тұзды алаша, әртүрлі массаж төсеніштерін, үрлеу әдістерін жүйелі түрде қолданып келеді. Балалармен бірге дене шынықтыру нұсқаушысы Г.Койшыбаеваның ұйымдастыруымен «Ертөстікпен бірге», «Біз мықтымыз, татумыз» спорттық іс-шаралары, денсаулық күндері ұйымдастырылды.

Балабақшада қыркүйек айынан бастап «Жас мамандар мектебі» жұмыс істейді, мектептің жылдық жұмыс жоспары бар, педагогикалық кеңесте қаралып, бекітілген Жыл басынан бері жас мамандармен «Жас маманның бейімделуі» бойынша жас мамандарға арналған сауалнама алынды, «Ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында лекциялар ұйымдастырылды.

Мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығаюына үлкен көңіл бөледі. Барлық топтарда, әкімшілік кабинеттерінде ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді (дене шынықтыру залының қабырғаларын, асхана іші, медбике бөлмесі, музыка залы боялды. Топтарда бөлшектеп ыдыс-аяқ ауыстырылды. Бірақ өткізілген материалдық-техникалық базаны жақсарту жұмысы жеткіліксіз, өйткені топтарда бала саны көп болғанына байланысты жұмсақ және қатты инвентарь, жиһаз, ыдыстар алынды.

Медициналық құралдар СанПиН талаптарына сай, алғашқы медициналық көмекті көрсету құралдарымен, медициналық қажетті препараттармен, бір рет қолдануға келетін шприцтермен, индикаторлық термометрлермен жабдықталған.

Дене шынықтыру залы спорттық құралдармен бағдарламаға сай жабдықталған. Сонымен бірге қазіргі заманғы дәстүрден тыс спорттық құрал-жабдықтармен де қамтылған. Бірақ спортзалға әлі де жеткіліксіз құралдар бар. Ол келесі оқу жылына жоспарланып отыр.

Қай ата – ана болмасын өз перзентінің иманды, адамгершілігі мол, саналы азамат болып өсуін қалайды ғой, сондықтан бала тәрбиесінің нәзік тұстарын білу, әрбір ата – ана үшін қажетті шарт. Ата-анамен тығыз қарым-қатынас орнату - балабақшаның негізгі бағыттары мен жұмыстарының бірі болып есептеледі. Осы мақсатты іске асыру мақсатында ата-анамен жұмыс жоспары құрылып, соның негізінде қыркүйек айында «2024-2025 о.ж. арналған МДҰ-ның оқыту-тәрбиелеу және сауықтыру жұмысының негізгі міндеттері мен бағыттары» тақырыбында балабақша ішкі жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Сол сияқты барлық

топтарда жас ерекшеліктеріне сәйкес, барлық топтарда «Балабақшаға баланың бейімделу жолдары», «Балабақшадағы баланың өмірі», «Біз біргеміз-берік іргеміз» топтық ата-аналар жиналысы өткізілді.

В.А.Сухомлинский: *«Музыкалық тәрбие - бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу»* - деп тегін айтпаған. Балабақшаның эстетикалық тәрбие жүйесінде мерекелік ертеңгіліктер ерекше орын алады. Олар бала сезіміне әсер ету құралы ретінде өнер мен көркемдік іс-әрекеттерінің түрлерін біріктіреді. Осы бағытты ұстанған біздің балабақшамызда да осындай көптеген іс-шаралар үнемі ұйымдастырылып отырады. Қыркүйек айында 1-қыркүйек -Білім күніне орай, ересек топтардың арасында «Білім күні» ойын-сауығы, 05-қыркүйек-Тілдер мерекесіне байланысты «Тілім менің – таусылмайтын ырысым» тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттері, қазан айында педагогтердің кәсіби мерекесіне орай, «Ұстаз – ғұмыр, ұстаз – нұр!» апталығы, мерекелік концертті және барлық топтарда «Арайлы Алтын күз» ертеңгіліктері өткізілді.

Қазіргі қоғамда педагог ерекше назар аударуды талап ететін тұлға болып табылатыны белгілі, сондықтан қоғамнан ұрпақ тәрбиесімен айналысатын рухани сауатты, зиялы мамандарды дайындауға бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру саласында өзекті мәселеге айналып отыр. Қазіргі кезде педагог-мамандардың жеке басына бірқатар талаптар жүктеледі. Солардың ішіндегі ең негізгісі — балаға деген жүрек жылуы, өз кәсібіне деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығы, кәсіби жан-жақтылық, жоғары мәдениет пен терең білімдарлық. Осы аталғандардың барлығы бойынан табылғанда ғана педагог-мамандардың еңбегі жемісті бола алады. Балабақшадағы педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейлерін арттырып, маман ретінде қалыптастыру мақсатында «2024-2025 жаңа оқу жылына арналған негізгі жұмыс істеу бағыттары» тақырыбында педагогикалық кеңес, «2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері», «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар», тақырыптарында әдістемелік кеңес отырысы, «Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие беруде қалдық заттарды пайдалана отырып, ойын түрлерін тиімді ұйымдастыру» тақырыбында семинар өткізілді. Педагогтердің тәжірибе алмасып, жас мамандарға әдістемелік көмек беру мақсатында жас мамандармен жұмыс жоспары құрылып, екі айда бір рет тәжірибелі тәлімгерлер мен жас мамандардың жиналысы өткізілді. «Жас мамандар мектебінің жоспарын бекіту», «Ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмысты ұйымдастыру тақырыптарында жас мамандармен отырыстар өткізілді.

Биылғы оқу жылында балабақшамыздың педагогтері бірнеше аудандық, облыстық байқауларға қатысып, өздерінің кәсіби шеберліктерін шыңдады.

- ✓ Боккарина Асылгуль - облыстық кәсіподақ ұйымынан алғыс хат;
- ✓ Тлеумаганбетова Жұмагүл – аудандық кәсіподақ ұйымынан «Үздік кәсіподақ көшбасшысы» байқауына қатысқаны үшін алғыс хат;
- ✓ Кияшева Б. - Ақтөбе әдістемелі орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық олимпиада, III орын;
- ✓ Мухамбеткалиева А. - Ақтөбе әдістемелі орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық олимпиада, III орын;
- ✓ Койшыбаева Г. - Ақтөбе әдістемелі орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық олимпиада, III орын;
- ✓ Нуридин А. - Ақтөбе әдістемелі орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық олимпиада, III орын;
- ✓ Джанадилова И.А. – «Үздік мектепке дейінгі дамытушы бағдарлама» аудандық кезең I орын;
- ✓ Джанадилова И.А. – «Үздік мектепке дейінгі дамытушы бағдарлама» облыстық кезең I орын.

5. Бесінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы туралы айту» тақырыбында баяндама оқыды:

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда қамтылатын кейбір ұғымдарды түсіндіру

Осы Заңда қамтылатын ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

1) әкімшілік-шаруашылық функциялар – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

1-1) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы, судья, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам;

2) лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

2-1) мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам – мемлекеттік қызметтегі адам, мәслихат депутаты, мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді мемлекеттік қызметке тағайындалғанына дейін уақытша атқаратын адам, сондай-ақ офицерлер құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшісі әскери лауазымына уақытша тағайындалған немесе оның міндетін уақытша атқаратын адам;

4) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азамат; өкілеттігін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асыратын, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының бюджет қаражатынан жүргізілетін аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан жүргізілетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, көрсетілген ұйымдарда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының қызметшілері; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілері; "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін немесе лауазымдық міндеттері мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты болатын не жеке тұлғалардың қолжетімділігі шектеулі дербес деректеріне және (немесе) қолжетімділігі шектеулі өзге де ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкерлері;

5) мүдделер қактығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

6) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері;

11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

12) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

13) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

14) ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағынысты адамдарға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде осы Заң Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген.

3-бап. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзге де қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

4-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл:

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) жариялылық пен ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;
- 8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 03.01.2023 № 188-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:
 - 1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
 - 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
 - 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
 - 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
 - 5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

2-тарау. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ

6-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- 3-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
- 6) қаржылық бақылауды;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
- 8) мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
- 9) кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;
- 10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;
- 11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
- 12) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;

13) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды.

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі ұйымның жұмысын ұйымдастыруда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заң басшылыққа алынсын;
2. Мектепке дейінгі ұйымға жолдама алу үшін жүйенің негізгі парақшасымен «Дара бала» арқылы МҚКК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының кезекте тұрған ата-аналарына түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде өткізу арқылы қызметтер жүргізу.
3. МДҰ-ның ішкі тәртіп ережесі мен ата-аналар шартына сәйкес, балабақшадағы режимдік сәттерді және ішкі тәртіп ережесін қатаң сақталынсын;
4. Баланың дамуында ерекшеліктері байқалған балалардың ата-аналардың ұсыныстары ескеріліп, қосымша білім беру мамандары тарапынан балаларға диагностикалау жұмыстары жүргізілсін;
5. Мектепке дейінгі ұйымның жартыжылдық есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.

Төрайымы:

С.С. Баймағамбетова

Хатшысы:

Н.Мұхтарқызы

«Ойында бала нені үйренеді?» сұрақ-жауап (әдіскер И.А. Джанадилова)

Ата-ана сұрағы. Менің қызым үнемі ойнайды да жатады. Ол өзімен-өзі сөйлесіп, «қағаз» ақшаны қиып алып, қассаны істеп, бір орынна екінші орынға салады да жатады... Осындай әрекеті оның дамуына қаншалықты үлес қосады?

Әдіскер. Иә, екіншіше қарай, кейбір ата-аналар ойынның баланың дамуындағы маңыздылығын онша түсіне бермейді. Бала үшін ойын өзін-өзі дамытушы әдіс болып табылады, ойында бала шын өмірде кім болғысы келетінін көрсетеді, яғни, ойындағысын ойын арқылы жүзеге асыра алады: дәрігер, жүргізуші, ұшқыш болғысы келеді және т.б. Сюжеттік-рольдік ойындар өте кең тараған ойындар болып саналады және бұл ойындарды балалар жақсы көреді, оларды болашаққа дайындайды. Оның олай аталу себебі ойынның басты элементі ойынның мазмұны, сценарийдің (сюжеттің) жоспары, ойын іс-әрекеттері, рольді таңдау және бөлу болып саналатындығында. Бұл балалардың өз беттерінше ойлап табылған, ойынның шарттарын өздері қоятын шығармашылық ойынның түрі. Жалпы ойынның баланың дамытудағы ролі туралы өте көп айтылған. Ойын – бала организмінің қажеттілігі, баланы жан-жақты тәрбиелеу құралы.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар.

1. Сіздің ойыңызша, баланың дамуындағы ойынның маңыздылығы неде?
2. Сіз қалай ойлайсыз, бала ойын барысында бір нәрсеге үйренеді ме?

(Әдіскер өз ойын айтамын деушілерге сөз беріп, жауаптарын қорытындылайды).

Ойында бала нені үйренеді:

- o Үлкендердің күрделі әлеміне енуді, кіруді.
- o Басқа адамдардың өмірде кездесетін жағдайларын басынан өткізіп, олардың істері мен әрекеттерін түсінуді.
- o Өзінің өзгелердің арасындағы орнын нақты сезінуге.
- o Өзін сыйлауды және өзіне сенуге үйренеді. Ойын тапсырмаларын орындай отырып, балалар үлкендерге сұрақ қоймай және рұқсат сұрамай, өз беттерінше сенімді түрде әрекет етеді. Ойын – баланың жетістіктері мен биіктерінің арена. Үлкендердің міндеті – баланың өзіне деген сенімділігін арттыру.
- o Қандай да бір қиындық туындаған кезде өз күшіне ғана сенуді: ойын балаға тапсырмаларды қойып, оларды шешуге мүмкіндік береді. Ойынды көп ойнайтын бала ойынды аз ойнайтын балаға қарағанда өмірде кездесетін жағдайларды тез шеше алады.
- o Өз сезімдерін еркін көрсете алады. Үлкендердің үнемі бақылауында жүретін бала өзін әлсіздеу ұстайды. Ондай бала өзінің ұялшақтығын сезінуге және оның неден болатындығын білуге батылсыздау болады. Қарым-қатынас жасауда қиындықтармен кездеседі. Сол себептен бұл жерде үлкендердің көмегі қажет.
- o Әртүрлі сезімдерді басынан өткізеді. Еркін ойындарда баланың қорқыныш, агрессия және уайымшылдық сезімдері бәсеңдеп, басқа балалармен қарым-қатынас жасауына оң септігін тигізеді.

3. Талдауға арналған жағдаяттар (Психолог Г.Уразалина)

Талдауға арналған жағдай

Бес жастағы, жаңадан келген, балабақшаға бірінші рет келіп тұрған ер бала балабақша алаңында ойнап жүрген балаларға қызығушылықпен қарап тұр: біреулер құмды әкеліп жатса, екіншілері оны машинаға тиеп жатыр, үшіншілері құмнан үй жасап жатыр.

- Сен де ана балдармен ойнағың келіп тұрған шығар? – деп тәрбиеші баладан сұрады.
- Бала тәрбиешіге таңдана қарады да бейжай жауап берді:
- Жо-о-оқ!... Мен олардың бәрін қазір атып тастаймын!
- Ол үйінен алып келген ойыншық автоматын қалтасынан алып шығып, ойнап жатқан балаларға қарай кезенді.
- Сен оларды не үшін атамын деп тұрсың?-деп тәрбиеші баладан сұрады.
- Жай, әншейін... Мен бұзақымын! Мен қазір оларға шабуыл жасаймын! Баланың даусында зіл байқалып тұр.
- Иә,оған тек атыс болса болды,-дейді кешкісін келген баланың шешесі тәрбиешіге.
- Бұндай ойындарды ойнау үшін ойыншықтар жеткілікті сияқты балада?-деп тәрбиеші анасының сөмкесінде жатқан қылыш, автомат, мылтық, қалқандарды көрсетіп нұсқап.
- Иә,әрине, бала сұрағасын алып беруге тура келеді, тентек болып өсіп бара жатыр,- деп анасы келіскендей сыңай танытып.
- Ал сіз балаңызды әлдеқайда тыныш ойындармен ойнатып көрмедіңіз бе? Басқа ойыншықтар алып беріп дегендей,мысалы...
- Не үшін? Нені ойнағысы келсе ,соны ойнасын. Оның қандай маңызы бар?-деп анасы танданысын жасыра алмады.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар.

1. Сіздердің ойларыңызша, баланың ойнау кезінде таңдап алатын рольдерінің оның қалыптасуына қаншалықты маңызы бар?
2. Ойынның тәрбиелік маңызы неде деп ойлайсызар?

Әдіскер

Бала ойында жаңа нәрселерді үйренеді және білетін нәрселерін қолданады, сөздік қоры молаяды, шыдамдылықты,қызығушылықты дамытады, батылдық, табандылық, басқаларға жол беру сияқты қасиеттерге үйренеді. Бала ойында өзінің көргенін, басынан өткенін көрсетеді. Ойын арқылы адамдарға, өмірге деген қарым-қатынас қалыптасады, ойын баланың көңіл күйінің жақсаруына да әсерін тигізеді.

Ата-аналардың пікірі.

Ойындарға көп уақыт кетеді. Бұдан баланың теледидар, компьютер алдында отырғаны, таспаға жазылған ертегілерді тыңдап отырғаны артық. Оның үстіне, ойында бала бір нәрсені сындырып, бүлдіріп қоюы мүмкін,содан кейін оның артынан жинау керек болады. Ал білімді ол балабақшаға барған соң да алады.

3. Сұрақ-жауап

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар.

Бала ойыны туралы кімнің қандай ойы бар?
(Сөйлеймін деушілерге өз ойларын айту ұсынылады)

Әдіскер

Ойынның маңыздылығы кейде бағаланбайтыны анық. Кеңес заманының алғашқы жылдарында балаға ойын қажет емес, ол босқа уақыт алатын нәрсе деп есептелетін. Егер бала құмнан бөлшек жасауды білсе, өскен соң өндіріске барып жұмыс істесін деп ойлайтын.

Ойын арқылы баланың қиялы дамиды. Баланың не ойнайтынын, қандай құралдарды қолданатынын естеріңізге түсіріңіздер? Мысалы, түймедақ гүлінен қуыршаққа «жұмыртқа» «пісіріп беруге» болады, таяқшамен екпе егуге, подносты рульдің орнына қолдануға болады. Өздеріңіз де байқаған боларсыздар, ойында бала шындықты ұмытып, қуыршақтың тірі екендігіне, аюдың құлағынан тартқаннан кейін оның құлағының шынымен ауыратынына, ал баланың өзі шын капитан немесе ұшқыш екеніне сенеді.

Баланың ойыннан шығуына, ойынды тоқтатуға, басқа бір іске көңіл бұруына қиын екенін ұмытпаңыздар. Бұл ерекшелікті баланы тәрбиелеуде қолдануға болады. Мысалы, аурухана ойнап отырған балаңызға: «Дәрігер, сіздің емделушілеріңізге демалу керек, олар ұйықтасын» немесе машиналарды гаражға қою керек екенін «жүргізушіңіздің» есіне салыңыз.

Шындығына келгенде, балалар «сондай сияқты», «шындықта» сөздерін қолданып, ойын мен шындықтың айырмашылығын біледі. Іс жүзінде қол жетпеген іс-әрекеттерді олар ойын арқылы жүзеге асырады. Ойнай отырып бала шынайы өмірмен танысқандай өзінің көргенін ой елегінен өткізіп, ойында бейнелейді. Бірақ телебағдарламаларды шамадан тыс көп қараудың кесірінен кейбір балалар аз ойнайды немесе мүлдем ойнамайды.

Балаға уақыт және ойын алаңы қажет. Егер ол балабақшаға баратын бала болса онда ол ең болмағанда кешкісін ойнайтыны анық. Ойын алаңы-бұл сүйікті ойыншықтары бар үстел, орындық, дұрыс таңдалған ойын материалдары бар бұрыш.

Талдауға арналған жағдай.

Бірде Слава отбасын ойнап жатқан балаларға мынадай ұсыныс айтты:

- Сендермен ойнасам болады ма? Мен әке боламын, үйге кеш келіп, вино ішемін. Сонан соң үйде айқай шығарамын. Ира келіскен жоқ;
- Айқай шығарудың қажеті жоқ, менің әкем ешқашан ұрыспайды.
- Және вино ішкен дұрыс емес, -деп қосты Женя.
- Неге бұл жаман? Менің әкем үнемі солай істейді... деді сеніммен Слава.

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар.

1. Осы жағдайдан сізде қандай сезімдер пайда болды?
2. Сіздің ойыңызша, бұл жағдай неден болды?

Ата-аналардың сұрақтары.

Не себептен менің қызым жалғыз өзі ойнағысы келмейді? Қасында өзінен үлкендеу балалар болса ол соларға ереді. Ал жалғыз өзі қалса болды, ойын тоқтап қалады.

Кішкентай болған кезінде жүре бастаса болды – оңайлау болады, тынышталады деп ойладық. Балада барлық жағдай болды: арнайы бұрышы, көптеген қызықты ойыншықтар. Мүмкін, ол баланың ерекшелігіне байланысты болатын шығар?

Ата-аналарға қойылатын сұрақтар.

1. Не себептен бала өзі ойнағысы келмейді?
2. Баланы қалай ойнауға үйретуге болады?

Әдіскер

4-5 жастағы балаға үлкендермен ойнаған ұнайды. Осы жастағы балалар саяхат ойындарын ойнап, өздеріне ұнаған ертегілер, мультфильмдердің сюжеттерін ойында көрсетеді. Бірнеше сюжеттерді біріктірген ойындар әртүрлі тақырыптарда болуы мүмкін. Мысалы, «ана мен қызы» ойынында қуыршақтар балабақшаға барады, ауырып қалады, дүкенге барады, демалуға кетеді және т.б. Ойынды бұзбай, ойынның шығармашылық сипатын сақтап, әр уақытта бағыттап отыру керек.

4-5 жастағы балалармен жетекші сұрақтар, кеңестер, қосымша кейіпкерлер, рольдерді енгізу сияқты қосымша әдістерді қолданған дұрыс. Рольдерге бөліп ойнату балаға үлкен әсер етеді. Мысалы, сатушы ойынын ойнаған кезде басқа азық-түліктер неге жоқ, сатып алған тауарды қалай жинауға, орналастыруға болады, адамдарға тауарды қалай жеткізуге болады деген сияқты сұрақтар қоюға болады.

Сонымен, ойын балаға көп жақсы әсер етеді, бірақ бала үлкендермен ойнағанды жақсы көреді. Баланы осы қызығынан айырмаңыз, өзіңіздің де бір кездері бала болғаныңызды ұмытпаңыз.

Шешімі:

1. Ата- ана мен балабақша арасында қарым -қатынасты дамытудың тиімді жолдарын іздестіру және оқу- тәрбие жұмысын енгізу
2. Балалардың танымдық қабілеттерін дамытатын ойындарды қолдану
3. Баланың ойындар алаңын жабдықтау жұмыстарын жетілдіру

Төрайымы:

Хатшы:

Жалпы ата-аналар жиналысының № 3 хаттамасы

28.05.2025

Хромтау қаласы

Тақырыбы: «Біз бір жылға есейдік»

Қатысқаны:

Ата аналар: 65

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 маусымда № 20883» (меңгеруші С.С.Баймағамбетова);
2. «Желшешек және қызылша ауруларының алдын алу жолдары» (медбике Д.Шауменова);
3. «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» (емдәмбике Г.М. Джумаханбетова);
4. «Біз – бір жылға есейдік» (әдіскер И.А.Джанадилова);
5. «Жазғы сауықтыру мерзіміне арналған қауіпсіздік ережелері» (әдіскер И.А.Джанадилова);
6. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер» 12-бап. (меңгеруші С.С.Баймағамбетова);
7. Ата-аналарды марапаттау (меңгеруші С.С.Баймағамбетова).

1.Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші С.С.Баймағамбетова ата-аналарды «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 маусымда № 20883» қызметін көрсету тәртібімен таныстырды:

1) автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі – АЖО) – көрсетілетін қызметті берушінің қызметін автоматтандыруға бағытталған жүйе;

2) архив – көрсетілетін қызметті алушының МДҰ-ға орын алуға мүдделілігінің болмауына байланысты МДҰ-ға жолдама алу мүмкіндігі тоқтатылған өтініштер, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан жіберілген бұзушылықтар бойынша кезектен шығарылған, МДҰ-ға қабылдауға жолдаманы табысты алуға байланысты немесе осы Қағидаларда көзделген басқа да себептер бойынша кезектен алынған өтініштер жиынтығы;

3) бос орын – баланы МДҰ-ға қабылдау үшін мектепке дейінгі ұйымның атауы мен түрін көрсете отырып (бөбекжай, балабақша, санаториялық бөбекжай, мектепке дейінгі шағын орталық, арнайы бөбекжай, арнайы балабақша), жұмыс тәртібі (4, 9, 10, 5, 12, 24 сағат), тәрбиелеу мен оқытудың тілі, топтың түрі (ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық тобы, әртүрлі жас, арнайы) көрсетілген бос орын туралы ақпарат;

4) бос орындардың электронды бюллетені – МДҰ-ның оқу жылының соңында мектепке даярлық бағдарламасын игерген тәрбиеленушілердің шығарылуын, бір жас тобынан екіншісіне көшіруді және жас топтарын жинақтауды ескере отырып

қалыптастыратын, Бірыңғай базада бос орындардың берілу хронологиясын белгілейтін электронды хаттама;

5) "бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтер жиынтығын көздейтін көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны;

6) Бірыңғай базадағы МДҰ-ның тізілімі (бұдан әрі – МДҰ-ның тізілімі) - меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан МДҰ-лардың электронды тізбесі;

7) Есепке алудың, мектепке дейінгі ұйымдарға кезектіліктің және жолдама берудің бірыңғай базасы (бұдан әрі – Бірыңғай база) - Ұлттық білім беру деректер қорында (бұдан әрі - ҰБДҚ) мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою, мектепке дейінгі ұйымдарға (бұдан әрі - МДҰ) құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау және электронды шартқа отыру бойынша бизнес-процестердің автоматты түрде орындалуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

8) жалпыға бірдей белгіленген қабылдау режиміндегі бос орын - көрсетілетін қызметті алушымен білім беру қызметтерін көрсету шартын жасасудан бұрын жолдаманы алғаннан кейін мерзімі бірден есептеле бастайтын бос орын;

9) кезектілік нөмірі – осы кезекте басқа да өтініштерге қатысты кезектегі өтініштер реті;

10) көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттандыру объектісі (бұдан әрі – ақпараттандыру объектісі) – көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін бизнес-процестердің автоматты түрде орындалуын қамтамасыз ететін ҰБДҚ-мен кіріктірілген ақпараттық жүйе;

11) МДҰ-ға кезек (бұдан әрі – кезек) – Бірыңғай базада табысты тіркелген және осы Қағидаларға сәйкес көрсетілетін қызметті алушы таңдаған әрбір МДҰ-ға бір-біріне қатысты реттелген МДҰ-ға кезекке тұратын өтініштер реті;

12) МДҰ-ға электронды жолдама (бұдан әрі – МДҰ-ға жолдама) – МДҰ-ға баланы қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушының толық құжаттар топтамасын ұсынуға және білім беру қызметтері шартын жасасуға негіздеме болып табылатын Бірыңғай базамен берілетін электронды құжат;

13) мобильді азаматтар базасы (бұдан әрі - МАБ) – мемлекеттік қызмет көрсету, көрсетілетін қызметтерді авторизациялау немесе қол қою кезінде SMS-парольдерді бір реттік SMS-пароль жіберу үшін қажетті қолданушының мобильді телефоны нөмерлерінің Қазақстан Республикасы "электронды үкіметінің" бірыңғай базасы;

14) проактивті көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

15) уақытша орналасуға арналған бос орын – санаториялық МДҰ-ға уақытша кеткен тәрбиеленушінің сақталатын орны, сондықтан осы орынға қабылданатын баланың келу мерзімі шектеулі болады;

16) хабарлама – ақпараттандыру объектілерінің көрсетілетін қызметті алушыға мектепке дейінгі білім саласындағы мемлекеттік қызмет алудың белгіленген кезеңдерінен өткені туралы хабарлау мақсатында жолданатын электронды мәтіндік хабарламалар;

17) электронды шарт – баланың МДҰ-да болған кезеңінде МДҰ мен баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы құқықтары мен міндеттерін, баланы тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілейтін, өзара қарым-қатынасты реттейтін заңды күші бар құжат.

2. Екінші сұрақ бойынша медбике Д.Шауменова «Желшешек және қызылша ауруларының алдын алу жолдары» тақырыбында кеңес берді:

Желшешек (желшешек) – өзгеше көпіршіген бөртпемен өтетін тез жұққыш жұқпалы ауру. Адамдар көп жиналатын орындар - балабақшаға немесе мектепке баратын балалар жиі ауырады.

Ауруды ұшық вирустарының бірі тудырады. Желшешек – өте жұқпалы ауру. Вирус ауру адамнан сау адамға әуе-тамшы жолмен (сөйлескен кезде, бір кішкентай бөлмеде болу) беріледі. Сонымен қатар науқастан белдемелік теміреткімен (ұшық вирусының сол бір түрі тудырады) де жұғуы мүмкін.

Желшешекпен сырқаттанған науқас бөрту пайда болғанға екі күн қалғанда жұқпалы болады, және бөртпе пайда болғаннан кейін алғашқы 5-7 күн ішінде жұқпалы болып қалады.

Желшешектің инкубациялық мерзімі 7-21 күн. Адам ағзасына вирус мұрын, ауыз және жұтқыншақтың шырышты қабығы арқылы түседі. Кейін ағзаға лимфамен және қанмен шапшаң таралады, теріге және шырышты қабыққа еніп, ол жерде көбейеді. Не болады?

Желшешек температура 38°C дейін көтерілуден, әлсіреуден басталады.

Бет терісінде, бастың шашты бөлігінде, денеде, шырышты қабықтарда (ауызда, жыныс мүшелерінде) 5-7 мм. көлеміндегі қызыл дақтар пайда бола бастайды. Бірнеше сағат өткен соң, сол дақтардың орны күлбірей суланып, содан соң мөлдір сулы кішкентай, нүктелі сулы бөртпелер пайда болады. Бір-екі күннен кейін олардың сырты қабыршақтанады да, із қалдырмай, түсіп қалады.

Жаңа бөртпелердің пайда болуы (3-8 тәулік ішінде) және бөрткендердің жеке элементтерінің трансформациясы бір мезгілде жүреді, сондықтан терінің бір бөлігінен дақтарды да, күлбіректерді де, сулы бөртпелерді де, қабыршақтарды да көруге болады. Бөртпелер қатты қышиды. Әрбір бөртпе шыққан сайын дене қызуы көтеріліп, баланың хал-ахуалы бұзылады. Бөртпелерді қасу мен қабыршақтарын сыдыру - жарақаттарға жұқа түсіп, олардың іріңдеуіне әкеліп соғады.

Асқынулар

Желшешектің асқынуы сирек кездеседі және бөртпелерді бейберекет зарарсыздандыру мен олардың іріңдеуінің салдарынан тыртықтардың пайда болуымен байланысты болады. Ми мен ішкі органдарды зақымдайтын желшешектің ауыр түрі әлсіз балаларда өте сирек кездеседі. Аурудың осындай түрлеріне арнайы терапиялық әдістерді қолдана отырып, ауруханаларда ем жүргізеді. Диагностикалау мен емдеу. Ауру диагнозын дәрігер желшешекпен ауыратын науқаспен қатынаста болу туралы деректер бар болған жағдайда және клиникалық сипаттаманың негізінде (ауруға тән бөртпелер мен жалпы жағдайы) қояды.

Желшешекті емдеу үй жағдайында жүргізіледі. Емдеудің мақсаты - сулы бөртпелердің іріңдеуіне жол бермеу. Ол үшін жасыл дәрі тамаша көмекші болады, Кастеллани сұйықтығын, фукорцин немесе марганец түйіршіктерінің су ерітінділерін және т.б. пайдалануға болады. Балалар спирт ерітінділерін өте ауырсынып қабылдайды. Аурудың қозған алғашқы күнінен бастап, баланы марганец түйіршіктерінің әлсіз ертіндісін қосқан былауда шомылдыру қажет. Балақанның терісіне барынша жайлы жағдай жасаңыз: тығыз және тар киім кигізбеңіз, тек қана мақта-матадан жасалған киім пайдаланыңыз.

Егер Сіздің балаңызды қатты қышу мазаласа, ол жайлы дәрігерге айтыңыз: ол аллергияға қарсы құралдар тағайындайды.

Дене қызуы 38 °C-тан жоғары көтеріліп, қалтыраған кезде балаға ыстығын түсіретін құралдар беру қажет (парацетомол, ибупрофен).

Желшешекпен ауырған баланы аурудың басталған күнінен бастап тоғыз күн бойы үйде оқшаулап ұстайды. Мектепке дейінгі балаларға мекемелерінде ұзақтығы 21 күндік карантин орнатылады.

Алдын алу

Желшешекке қарсы вакцина шығарылмаған, сондықтан екпе жасалмайды.

Адам өмірінде желшешекпен бір-ақ рет ауырады: балалық шақта желшешекті бастан өткізген адам науқастанған адаммен қорықпай араласа беруіне болады – ол үшін вирус қауіпсіз.

3. Үшінші сұрақ бойынша емдәмбике Г.М. Джумаханбетова «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» тақырыбында ата-аналарға кеңес берді:

Тамақтану – ағзаның өмірлік қажеттілігі болып саналады. Ол адамды сумен, энергиямен қамтамасыз етеді. Балалар организмі үнемі өсіп, дамып отыратындықтан олардың зат алмасу процестері елеулі өзгерістерге ұшырайды. Балалардың тамақтануының рационалды болуы, тамақтанудың тәртібін дұрыс ұйымдастырғанда ғана мүмкін. Ол үшін төменде көрсетілген шаралардың орындалуы қажет:

- Тамақтану уақытын және уақыт аралықтарын қатал сақтау;
- Тамақ қабылдаудың физиологиялық рационалдылығы;
- Жеке тамақтану уақыттарына сәйкес, тағамды мөлшері мен сапасына байланысты дұрыс бөлу;
- Балалардың тамақтану жағдайы және тамақтану кезіндегі балалардың тәртібі.

Санитарлық дәрігер ас мәзірін құрастырған кезде мынадай негізгі қағидаларды білуі керек:

Тамақ рационы балалардың жас мөлшеріне сәйкес дене еңбегінің жүктемесіне, жыл мезгіліне, климатқа байланысты алынған тағамдық заттарға және энергияға қажеттілігіне сәйкес болуы қажет. Жаз мезгілінде энергия шығыны ұлғаятындықтан, тағам калориясын 10%-ға жоғарылату қажет;

Ас мәзірі балалар мекемелерінің қызметінің ұзақтығына байланысты 3-5 ретке есептелінеді.

Ас мәзірі әрбір типтегі балалар мен жасөспірімдер мекемелері үшін бекітілген негізгі тағамдардың түрлеріне байланысты жасалады. Ет пен балықтан жасалған тағамдарды таңертеңгі және түскі асқа, ал кешкі асқа сүт, көкөніс және жармадан жасалатын тағамдар ұсынылады. Рационның құрамында күнделікті міндетті түрде ет, балық, сүт, сары май, көкөніс, нан болуы керек;

Ас мәзірі әртүрлі тағамдардан құралады. Бір күндегі тағамдардың түрлері қайталанбауы тиіс;

Барлық балалар мекемелерінде, Медициналық Ғылым Академиясының тағам институты жергілікті жағдайларға байланысты ұсынылған үлгі ас мәзірін негізге ала отырып, екі апталық ас мәзірі жасалады. Сонымен қатар «жазғы» және «қысқы» деген тағы екі ас мәзірі дайындалады. Тағам рационының калориясын және химиялық құрамын анықтау, арнаулы кестелер мен балалар тамақтануына арналған нұсқаулар бойынша жүргізіледі;

Күнделікті үлгі ас мәзірінің негізінде, құрамында әрбір тамақтану мерзіміндегі тамақтардың тізімі және осы тағамдардың барлығының массасы мен жеке түрлері көрсетілген сұрыптама ас мәзірі жасалады. Сұрыптама ас мәзірінде тамақтанатын балалар мен қызметкерлердің де саны көрсетіледі;

Ас мәзірінде көрсетілген кейбір тағамдар болмаған кезде, олардың бірін бірі алмастыра алатын тағамдардың кестесін қолдана отырып, химиялық құрамы жағынан сәйкес келетін тағамдармен ауыстыруға болады;

Балалар рационында, ас қорыту органының қызметін жақсарту үшін күрделі тағамдар (қара бидай наны, ботқасы, В тобындағы витаминге бай тағамдар болу керек);

Рациондағы белоктардың меншікті үлесі, жылдың барлық мезгіліне тұрақты түрде болады. Мектеп жасындағы балалардың ас қорыту ағзаларының созылмалы ауруы жиі

кездесетіндіктен, бала организмiне тағаммен дәрумендер мен минералдар толық түсiп тұруы керек. Сондықтан балалрды жастайынан дұрыс тамақтану тәртібіне үйреткен жөн!

4.Төртінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова «Біз – бір жылға есейдік» тақырыбында бір жылдық қорытынды есебін оқыды:

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының ұжымы өз жұмысын № 1 педагогикалық кеңесте бекітілген 2024-2025 о.ж. арналған жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылып келеді. Балабақшаның педагогикалық ұжымы «Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық және танымдық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту» проблемасы бойынша жұмыс істейді. Мақсаты - «Мектеп жасына дейінгі баланың бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған қолайлы жағдай туғызу, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу» болып табылады. Осыған сәйкес жаңа оқу жылына төмендегідей міндеттер қойылды:

1. Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; олардың өимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
2. Әр тәрбиеленушінің жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
3. Әдістемелік жұмыстың белсенді формалары, курстық дайындықтан өту, аттестаттау, түрлі кәсіби байқауларға қатысу арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктеріне (құқықтық, кәсіби, қарым-қатынас, ақпараттық) және білім беру талаптарына сәйкес кадрлардың әлеуетін дамыту.

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
- 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);
- 5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Осы бағытты ұстанатын № 9 «Жұлдыз-Ай» балабақшасының да алдына қойған мақсат – міндеттері мен бағыты – дені сау, ұлттық сана - сезімі қалыптасқан, рухани ойлау дәрежесі биік, елжанды азамат тәрбиелеу және балаларды әсемдікке тәрбиелеу арқылы жан – жақты және үйлесімді дамыту. Ол үшін біздің балабақшамызда бүлдіршіндердің өзіндік белсенділігі мен іскерлік қабілетін, шығармашылық қасиеттерін дамытып, жетілдіріп, қалыптастыруға толық жағдай жасалған. Балабақшаның ғимараты, материалдық-техникалық базасы барлық талаптарға сай келеді. Мұнда балалар алаңсыз ойнап, дербес әрекет жасай білуге, өз – өзіне қызмет көрсету тәртібіне үйренеді. Балалардың лайықты білім алып, тәрбиеленіп шығуы мақсатында 29 адамнан тұратын кәсіби әрі шығармашыл педагогтардың ұжымы қалыптасқан, олардың 9-ы жас мамандар қатарына жатады.

Көрнекті педагогі В.Сухомлинский *«Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала бақытты бола алады»*, -деп айтқандай балабақшамызға келген әрбір бүлдіршіннің жүрегіне жол тауып, оның бақытты болуы үшін аянбай тер төгіп, педагог ретінде жан жылуымызды аямай еңбек етсек, өз міндетімізді адал атқарып, болашақ азаматтарды қалыптастыру жолында өлшеусіз үлесімізді қосқанымыз болып есептеледі. Осы орайда біздің балабақшада, яғни № 9 «Жұлдыз-Ай» балабақшасында өзара бәсекелестікке қабілетті, білімнің сапалы, тәрбиенің саналы болуына басты назар аударылып келеді. Баланы жан-жақты тәрбиелеу мен дамыту мақсатында түрлі тақырыптарда апталықтар мен ойын-сауықтар, спорттық сайыстар, мерекелік ертеңгіліктер үнемі ұйымдастырылып тұрады. Жыл басына бері «Ертегілер әлеміне саяхат», «Ұстаз-ұлы тұлға», «Мен және менің құқығым» апталығы, «Кітап-сарқылмас қазына» апталығы, желтоқсан айында «Елтаңбамен еңселі, Әнұранмен айбатты, Туымен тұғырлы, Қазақстаным!», қаңтар айында «Қысқы ойындар» ақпан айында «Сезім тұңғышы мен мейірім әлемінде» психология және өзін-өзі тану апталығы, инклюзивті білім беруге арналған «Әрбір бала бір жұлдыз-жарқырауына көмектес!», наурыз айында «Наурыз-жыл басы», сәуір, мамыр айларында жолда жүру ережелерінің және өртке қарсы апталықтары балабақша педагогтерінің бірлесіп жұмыс істеуінің арқасында өткізілді. Барлық ұйымдастырылған іс-шаралар туралы ақпарат балабақшаның инстаграмм парақшасында жарияланды.

В.А.Сухомлинский: *«Музыкалық тәрбие - бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу»* - деп тегін айтпаған. Балабақшаның эстетикалық тәрбие жүйесінде мерекелік ертеңгіліктер ерекше орын алады. Олар бала сезіміне әсер ету құралы ретінде өнер мен көркемдік іс-әрекеттерінің түрлерін біріктіреді. Осы бағытты ұстанған біздің балабақшамызда да осындай көптеген іс-шаралар үнемі ұйымдастырылып отырады. 22-қыркүйек-Тілдер мерекесіне байланысты «Тілім менің – таусылмайтын ырысым» мерекелік ертеңгілігі, қазан айында педагогтердің кәсіби мерекесіне орай, «Ұстаз – ғұмыр, ұстаз – нұр!» мерекелік концерті, мерекелік концерті және барлық топтарда «Арайлы Алтын күз» ертеңгіліктері өткізілді. Желтоқсан айында еліміздің тәуелсіздігіне орай, «Қазақстан – елім менің!» мерекелік концерті және барлық топтарда «Қош келдің, Жаңа жыл» ертеңгіліктері, қаңтар айында «Әке-асқар тау», жалпы мерекелік концерті, 8-наурыз аналар мерекесіне орай барлық топтарда «Құттықтаймын, анашым, мерекенмен!» ертеңгіліктері, 22-наурыз мерекесінде «Наурыз-жыл басы» ойын –сауықтары, «Құстар – біздің досымыз», «Достық әні шырқалсын!», «Қош бол, балабақша!» балабақшамен қоштасу ертеңгіліктері өткізілді.

5. «Жазғы сауықтыру мерзіміне арналған қауіпсіздік ережелері» (әдіскер И.А.Джанадилова);

Балалардың демалып және сау болуы үшін, ата-аналармен, туысқандарымен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар ережелер мен талаптарды есте сақтау керек.

Балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастырыңыздар; балалармен жеке әңгіме жүргізіңіздер; маңызды ережелерді түсіндіріңіздер; оларды ұстану өмірлерін сақтауы мүмкін; баланың бос уақыты мәселесін шешіңіз. Есте сақтаңыз!

Қараңғы түскен уақыт пен түнде (22.00-ден 06.00-ге дейін) балалар мен жасөспірімдерге үлкендерсіз көшеде жүруге заңды түрде тыйым салынады.

Өз балаңыздың қайда, кіммен жүргені туралы үнемі біліп отырыңыз, барған орнын бақылаңыз; бөгде адамдармен сөйлесуге тыйым салыңыз. Балаңызға егер біреу оған қиянат жасағысы келсе, әрқашан кімге болса да «жоқ» деп айтуға толық құқығы бар екенін түсіндіріңіз; қандай жағдай болмасын танымайтын адамдардың көлігіне отыруға болмайтынын түсіндіріңіз; не болса да, балаңызға қандай жағдай болмасын оның болған уақиға туралы сіздің білуіңіз қажет екенін айтып, оған ашуланбайтыныңызды, оның жағында болатыныңыз туралы сендіріңіз. Құпияда ұстауға уәде берсеңіз де, кейбір фактілерді құпияда ешқашан сақтауға болмайтынын түсіндіріңіз.

Судағы жүзу мен ойындар рақаттанғаннан басқа баланың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызады. Балаңыз суда болған уақытта одан көз алмаңыз, басқа нәрсеге алданбаңыз- сол сәттегі минут қайғылы жағдайға ұшыратуы мүмкін, балаларға жалғыз суда шомылуға, сонымен қоса білмейтін жерде сүңгуге болмайтынын міндетті түрде түсіндіріңіз, балаларға қарап отырған ересек адамның өзі де жүзуді, алғашық көмек көрсетуді білуі тиіс, қолдан дем алдыру мен тікелей емес жүрек уқалауын жасауды жүргізуді білуі тиіс.

Жол-көлік уақиғасының құрбаны немесе себепші болмауы үшін, балаларға жол жүру ережелерін үйрету қажет, жолда және қоғамдық көлікте мұқият болуды үйретіңіз; балалармен ойын және спорт алаңында, жорыққа шыққанда абайлаңыз және қауіпсіздік талаптарын сақтаңыз; велосипедте, квадроциклда, мопедте, мотоциклда балармен жүру ережені жаттаңыз. Есте сақтаңыз! 14 жасқа толмаған балаларға велосипедті автомагистраль мен соған тең жолдарда жүргізуге, ал 16 жасқа толмаған балаларға скутерді (мопедті, квадроциклді) жүргізуге тыйым салынады.

Отпен мұқият болыңыздар. Отпен мұқият болмағандықтан өрт жағдайларының кең тараған уақиғаларына балалардың назарын аударыңыз; баланың отпен сотқарлығы; сөндірілмеген көмірлер; сөндірілмеген темекі қалдықтары, сіріңкелер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің қоқысты жағулары; шөптерді өртеу; қысқа мерзімге тұйықталу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды, пештерді пайдалану.

Балалар табиғаттан бейқам және сенгіш екенін есте сақтаңыз. Балаларда алаңғасарлық болатына назар аударыңыз. Сондықтан, өзін ұстаудың оңай ережелерін балалардың есіне жиі салуыңыз, олардың есте сақтап және оны қолдануына мүмкіндік береді. Сіз оны үнемі естеріне салып отыруға міндеттісіз.

6. Алтыншы сұрақ бойынша меңгеруші С.С.Баймағамбетова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер» 12-бап бойынша ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді:

12-бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

1. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың,

ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдардың, сондай-ақ көрсетілген функцияларды орындауға уәкілеттік берілген кандидаттар болып табылатын адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауына жол бермеу мақсатында, аталған адамдар осы Заңның 13, 14, 14-1 және 15-баптарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, өздеріне:

- 1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

- 4) материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдау;

- 5) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу және иелену, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

2. Жекелеген мемлекеттік функцияларды орындау тәртібін реттейтін заңдарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шектеулерді көздейтін басқа да құқықтық нормалар белгіленуі мүмкін.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамдардың келісімін тиісті ұйымдардың персоналды басқару қызметтері (кадр қызметтері) жазбаша нысанда тіркейді.

4. Осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не жұмыстан шығаруға (атқарып жүрген лауазымынан босатуға, өкілеттіктерін тоқтатуға) алып келеді, оларды сақтамау жұмыстан шығаруға (атқарып жүрген лауазымынан босатуға, өкілеттіктерін тоқтатуға) негіз болып табылады.

5. Осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамның отбасы мүшелері материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына осы адамның әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін ұсынылатын материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуға, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кірсе не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, құқылы емес.

Ескертпе: Осы Заңда осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамның отбасы мүшелері деп оның жұбайы (зайыбы), ата-аналары, балалары, оның ішінде кәмелетке толған балалары және асырауындағы және онымен тұрақты тұратын адамдар түсініледі.

6. Осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамдар және (немесе) олардың отбасы мүшелері хабардар етілмей, олардың шотына келіп түскен ақша, сондай-ақ олар осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасын және 5-тармағын бұза отырып алған қаражат олар анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде тиісті мемлекеттік кіріс органына мұндай қаражаттың түсу мән-жайлары туралы түсініктеме беріле отырып, республикалық бюджетке аударылуға жатады.

Осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамдар және (немесе) олардың отбасы мүшелері хабардар етілмей келіп түскен, сондай-ақ олар осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасын және 5-тармағын бұза отырып алған сыйлықтар

сыйлықтың алынған күнінен бастап не осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамға сыйлықтың алынғаны туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз берілуге жатады, ал аталған адамдарға нақ сондай мән-жайларда көрсетілген қызметтерге қызмет көрсетілген күннен бастап не осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамға қызметтің көрсетілгені туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде республикалық бюджетке ақша аудару арқылы ақы төленуге тиіс.

Сыйлықты мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға берген адам жоғары тұрған лауазымды адамды хабардар ете отырып, оны "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған құны бойынша, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен жасалатын сатып алу-сату шарты негізінде сатып алуға құқылы. Сыйлықтарды сатудан түскен ақша республикалық бюджетке аударылады.

7. Балабақша меңгеруші С.С.Баймағамбетова белсенді ата-аналарды марапаттады.

8. Алтыбаева Акмарал Айтугановна

9. Сапина Айдана Жұмабайқызы

10. Наурзалина Алия Кенесқызы

11. Айтекешова Дана

12. Шектібаева Әмина Аймырзықызы

13. Бисенғалиева Алтын Ерболқызы

14. Коржукова Альбина

15. Тулеугалиева Ақнұр

16. Альжанова Зарина

17. Даирова Алия Кумаровна

18. Жаналин Ақмарал Куантайқызы

19. Ильтаева Жеңісгүл

20. Кенжалина Асел

21. Сапина Амангул

22. Нургалиева Нуршат Аманғалиевна

23. Джумаханбетова Гулнар Мусалиевна

24. Бисенбаева Алтынай Сериковна

25. Оспанова Тұрсын Арыстанқызы

26. Бақбергенова Аида Аманжоловна

27. Алдабергенов Самрат Тыныштықбаевич

28. Биленко Виктория Николаевна

29. Сандибек Азамат Нурбекулы

30. Суюнова Жанар Мараловна

31. Ермагамбетова Асылгуль Сағыновна.

32. Кунаева Әсия Есенкелдіқызы.

33. Султанова Дана Руслановна

34. Ельшибекова Гульнур Амантаевна

35. Ахмет Эльмира Сапарғалиқызы

36. Достанова Баянсулу

37. Абиева Шара

38. Сапина Алмагул

Шешімі:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының оқу-тәрбие жұмысының жылдық қорытынды жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын;
2. Жазғы сауықтыру мерзіміне арналған қауіпсіздік ережелері сақталсын;
3. Ата-аналар тарапынан балабақша жұмыскерлеріне ақшалай, заттай сыйлық түрлерін беруге тыйым салынсын;
4. Мектепте дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 маусымда № 20883» қызметін көрсету тәртібімен сәйкес жүргізілсін.

Төрайымы:

С.С.Баймагамбетова

Хатшысы:

Н. Мұхтарқызы